

**"Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 519 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 312 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 тамызда № 14068 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12769 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары, осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік бақылау саласындағы теміржол көлігі саласында тексеру парағы, осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә. А. Асаубаев):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электронды түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бірлескен бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі  
\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

Қазақстан Респуб.  
Ұлттық экономик  
министрі  
\_\_\_\_\_ К

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ С. Айтпаева  
2016 жылғы 4 шілде

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2016 жылғы 23 маусымдағы  
№ 5 1 9  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 4 шілдедегі  
№ 3 1 2  
бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1 2 0 5

## Теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 3-тармағы, 143-бабының 3-тармағы сәйкес әзірленген.

2. Өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) елеулі бұзушылық – рұқсат беру құжаттары және лицензияға қатысты, сондай-ақ жолаушылар поездары және теміржол вокзалдарында халыққа көрсетілетін қызметтер бойынша нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылық;

2) елеусіз бұзушылық – теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігі, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін, қоршаған ортаға әсер етпейтін, бірақ міндетті сипаттағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылық;

3) өрескел бұзушылық – теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк тасымалын, жүк багажын және пошталық жөнелтілімдерін, теміржол жылжымалы құрамын күтіп ұстау, пайдалану, магистральдық теміржол желісін және көлік инфрақұрылымы объектілерін жүзеге асыру кезінде адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылық. Магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы (қирау, авариялар, соқтығысулар, жылжымалы құрамның рельстен шығуы) және магистральдық теміржол желісіне қосылмаған теміржол жолдарындағы оқиғалар.

4) тәуекел – темір жол көлігі саласында тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адам өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне, оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – тексеру субъектілерін түрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін тексеретін субъект қызметіне тікелей байланысты, осы дамуына әсер ететін салалық даму және факторлық ерекшеліктермен, сапалық және сандық көрсеткіштердің жиынтығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттары) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне

байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) теміржол көлігі саласындағы тексерілетін субъектілер – Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы, тасымалдаушы, тармақ иеленуші, теміржол көлігінің көмекші қызметі, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде теміржол вокзалдарын иеленуші тұлғалар.

3. Осы өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттары арқылы қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

## **2. Объективті өлшемшарттар**

4. Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежесі бойынша алғашқы жатқызу объективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

5. Теміржол көлігі саласында тәуекелді айқындау адам өмірі және денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, қоршаған ортаға, сондай-ақ тексерілетін субъектілердің (объектілердің) авариясыз жұмыс істеуі, магистральдық теміржол желісін, теміржол жылжымалы құрамын, теміржолдарды, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен тетіктерді ақаусыз ұстау шарттарын сақтамаудан зиян келтіру ықтималдылығы, авария салдарын жоюға байланысты жүзеге асырылады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекел дәрежесіне теміржол көлігі саласындағы барлық бақылаудағы субъектілер (объектілер) жатады.

7. Жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты ішінара, жоспардан тыс тексерулер және өзге де нысандағы б а қ ы л а у жү р г і з і л е д і .

## **3. Субъективті өлшемшарттар**

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау тексерулер нәтижесінің, мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен ақпарат, мәлімет, шағым және жүгінулердің және көлік оқиғалары бойынша ақпарат талдауының негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

9. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері қолданылады:

1) тексерілетін субъекті (объекті) кінәсінен көлік оқиғаларының орын алуы;

2) мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне зиян келтіру, немесе қауіп төндіру туралы келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағым және жүгінулердің болуы ;

3) алдыңғы тексерулердің нәтижелері. Бұл ретте бұзушылық дәрежесінің ауыртпалығы (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңдары талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

4) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдауы ;

5) мемлекеттік органдарымен және ұйымдармен ұсынылған мәліметтер талдауының нәтижесі .

10. Осы өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздері негізінде осы өлшемшартқа қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар айқындалады, солар арқылы тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

11. Субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланады.

12. Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін тексерілетін субъектілерге (объектілерге) ұсынылатын талаптар өрескел, елеулі және елеусізге бөлінген .

Тәуекел дәрежесін есептеу кезінде орындалмаған өлшемшарттардың үлес салмағы анықталады .

Бір өрескел бұзушылық болған жағдайда тексерілетін субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі .

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

м ұ н д а ғ ы :

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

м ұ н д а ғ ы :

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;  
 $SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;  
 $SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

13. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

м ұ н д а ғ ы :

$SP$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;  
 $SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;  
 $SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

14. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіші бойынша тексерілетін субъекті (объекті) мыналарға жатады:

- 1) жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 60-тан 100-ге дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты ішінара тексерулер жүргізіледі;
- 2) жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандар - 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты ішінара тексерулер жүргізілмейді.

15. Талдау және тәуекел дәрежесін бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

16. Ішінара тексерулер жүргізу мерзімділігі жылына бір рет.

17. Ішінара тексерулер тиісті есептік кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі уәкілетті органға жіберілетін реттеуші органның бірінші басшысымен бекітілген жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша тоқсанға қалыптастыратын ішінара тексерулер тізімдері негізінде жүргізіледі.

18. Ішінара тексерулер тізімдері мыналарды есепке ала отырып жасалады:

- 1) субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы;
- 2) мемлекеттік органның тексерулерді жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелері.

Теміржол көлігі саласындағы  
 тәуекел дәрежесін  
 бағалау өлшемшарттарына қосымша

## Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Ө л ш е м ш а р т т а р		Бұзушылықтар дәрежесі
Тексеру субъектісі (объектісі) кінәсінен көлік оқиғаларының орын алуы		
1	Нәтижесінде соқтығысуға алып келген оқиғалар немесе теміржол жолдарындағы теміржол жылжымалы құрамның жолдан шығуы	өрескел
2	Магистральдық теміржол желісіне қосылмаған теміржол, магистральдық, станциялық немесе кірме жолдарда, оның ішінде темір жолдарда жүк немесе жолаушылар поездарында жылжымалы құрамның рельстен шығу, сондай-ақ нәтижесінде соқтығысуға, адамдар қаза болған немесе ауыр дене жарақаттарына алып келген о қ и ғ а л а р	өрескел
3	Жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде бүлінген немесе теміржол құрамның мүкәмалдан шығарылу дәрежесіне дейін зақымдалуына алып келген о қ и ғ а л а р	өрескел
4	Нәтижесінде жылжымалы құрамды ағыту және жөндеуге беру талап етілетін көлемде зақымдауға жол берілген оқиғалар	өрескел
Мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағымдар мен жүгінулердің бар болуы		
1	Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне зиян келтіру, немесе қауіп төндіру туралы келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағымдар және жүгінулер	өрескел
Уәкілетті органдармен және ұйымдармен ұсынылған мәліметтердің талдауы, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдары талдауы		
1	Теміржол көлігіндегі оқиғалар немесе адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіру туралы расталған ақпараттардың болуы	өрескел
Алдыңғы тексерулердің нәтижелері (бұзушылықтың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) Қазақстан Республикасының заң талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді)		
Т а р м а қ		и е л е н у ш і
1	Жылжымалы құрамның уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік тіркеуінің б а р б о л у ы .	елеулі
2	Кірме жолды пайдалану тасымалдау қағидаларына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітетін кірме жолдағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық негізінде жүзеге асыру.	елеулі емес
Денсаулық сақтау саласындағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 155-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген денсаулық сақтау саласына сәйкес қызметкерлерді мерзімді		

3	медициналық тексеруден өткізуді, сондай-ақ локомотив бригадаларын және поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлердің денсаулығын ауысым алдындағы к у ә л а н д ы р у д ы жү р г і з у .	өрескел
4	Жаңа техниканың, технологиялардың және менеджмент құралдарының енгізілуін ескере отырып, теміржол көлігінің негізгі кәсіптерінің қызметкерлерін кәсіби дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдардың іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіру.	елеулі
5	Жүргізілетін жұмыс ерекшелігіне сәйкес техникалық түзу құрал-саймандармен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету.	елеулі емес
6	Меншік нысанына қарамастан қызметін теміржол көлігі саласында жүзеге асыратын тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтері Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде жол берілген қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарына әкелген қауіпсіздік бұзушылықтары туралы ақпаратты уәкілетті органына және оның аумақтық бөлімшелеріне жедел тәртіппен бір тәуліктен кешіктірмей, ал поездар мен жылжымалы құрамның соқтығысуы, жолдан шығып кетуі жағдайларында оқиға болған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей ұсыну.	елеулі емес
7	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде мынадай анық айыру белгілері мен ж а з б а л а р ы н ы ң б о л у ы : 1) теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауы; 2) нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген жасаушы зауыттың тақтайшасы; 3) құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен қабылдау таңбалары; 4) белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жері (локомотивтерден басқа); 5) ыдыстың салмағы (локомотивтерден басқа). М ы н а д а й ж а з б а л а р д ы ң ж а з ы л у ы : 6) локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және арнайы жылжымалы құрамда (бұдан әрі – АЖҚ) конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы тақтайшалар мен жазбалар; 7) жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда - орындар саны; 8) жүк, почта, багаж вагондарында-жүк көтергіштігі.	елеулі емес
8	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортын жүргізу.	елеусіз
9	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден өтуін қамтамасыз ету.	өрескел
10	Тартқыш жылжымалы құрам, сондай-ақ жолаушылар вагондары, АЖҚ жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық тексеруді жүргізу.	елеулі
11	Жұмыс істеп тұрған локомотивтер, моторвагонды және АЖҚ, оларды пайдалану ережесін білетін қызметкердің, ал станциялық жолдарда - машинистің, АЖҚ жүргізушісінің немесе депо жолдарында және кәсіпорындардың жолдарындағы олардың көмекшілерінің қадағалауында тұруын қамтамасыз ету.	өрескел



12	<p>Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды (өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамды) поездардың айналым бағыттары бойынша инфрақұрылымның поездық радиобайланыспен үйлесетін (инфрақұрылымда пайдаланған жағдайда) поездық радиобайланыс құрылғыларымен, белгіленген көрсеткіштерді тіркейтін жылдамдық өлшегішпен, автоматты локомотивтік сигнализацияның локомотивтік құрылғылармен және қауіпсіздік құрылғылармен жабдықталуы.</p>	өрескел
13	<p>Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтердің жабдықталуы:  1) оларды вагондардан дистанциялық ағыту құрылғыларымен;  2) екінші басқару пультімен;  3) артқы көрініс айналарымен;  4) машинист кенеттен локомотив жүргізу қабілетінен айырылған кезде автоматты тоқтату құрылғыларымен.</p>	өрескел
14	<p>Мынадай ақаулықтардың ең болмаса біреуі болған жағдайда локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға шығаруға жол бермеу:  1) дыбыс сигналын беруге арналған аспаптың ақаулығы;  2) пневматикалық, электрпневматикалық, қол тежегіштердің немесе сығымдағыштың ақаулығы;  3) ең болмаса бір тартымдық электр қозғалтқышының ақаулығы немесе өшіп қалуы;  4) автоматты локомотивтік сигнализациясының немесе қауіпсіздік құрылғыларының ақаулығы;  5) автотоктатудың немесе машинистің сергектігін тексеру құрылғыларының ақаулығы;  6) жылдамдық өлшегіштің және оның құрылғыларының реттеуші жетегінің ақаулығы;  7) поездық және маневрлік радиобайланыс құрылғыларының ақаулығы, ал моторвагонды жылжымалы құрамда - "жолаушы-машинист" байланысының ақаулығы;  8) гидродемпферлердің, аккумуляторлық батареяның ақаулығы;  9) автотіркегіш құрылғылардың ақаулығы, оның ішінде ағыту тұтқышы шынжырының үзілуі немесе оның деформациясы;  10) құм беру жүйесінің ақаулығы;  11) прожектордың, буферлік шамның, жарықтандырудың, бақылау немесе өлшеу аспабының ақаулығы;  12) қамыттағы, серіппелі іліністегі немесе серіппенің түпкі табағындағы жарық, серіппе табағының сынуы;  13) букс корпусындағы жарық;  14) букстық немесе моторлы-осьтік мойынтіректің ақаулығы;  15) бөлшектердің жолға түсіп қалуынан сақтандыратын конструкцияда көзделген құрылғының болмауы немесе оның ақаулығы;  16) тартқыш тісті берілістің ең болмағанда бір ғана тісінің жарығы немесе сызаты;  17) жаққыш майдың ағып кетуіне әкелетін тісті беріліс қаптамасының жоғары вольтты камераның қорғағыш бұғаттауының ақаулығы; ток қабылдағыштың ақаулығы;  18) өрт сөндіру құралдарының, автоматты өрт сөндіру сигнализациясының ақаулығы (локомотив конструкциясында көзделген);  19) қысқа тұйықталу токтарынан, асқын жүктемеден және асқын кернеуден қорғау, дизельдің авариялық тоқтауынан сақтандыру құрылғыларының ақаулығы;  20) дизельден тарсылдау, бөтен шуыл дыбыстарының пайда болуы;  21) электр жабдығының қорғаныш қаптамаларының болмауы;  22) локомотивті басқарудың микропроцессорлық жүйесінің ақаулығы.</p>	өрескел

15	Электр сақтандырғыш құрылғылары, өрт сөндіру құралдары, өрт сигнализациясы және локомотивтердегі және моторвагонды жылжымалы құрамдағы автоматика, манометрлер, сақтандырғыш клапандар, ауа резервуарлары сынақтан және к у э л а н д ы р у д а н ш а л д ы ғ у .	өрескел
16	Жылжымалы құрам, оның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам автоматты тежегіштермен жабдықталу, бұдан басқа, жолаушылар вагондары, моторвагонды жылжымалы құрам және жолаушылар поездарын жүргізуге арналған локомотивтер электрпневматикалық тежегіштермен жабдықталу. Вагондардың тиелуіне, құрамның ұзындығына және жол профиліне байланысты тежеудің түрлі режимдерін қолдану мүмкіндігін беретін автоматты тежегіштермен ж а б д ы қ т а л у .	өрескел
17	Локомотивтер, жолаушылар, жүк вагондары, моторвагонды және АЖҚ қол тежегіштерімен жабдықталу. Жүк вагондарының құрылымына сәйкес өту алаңының тоқтату краны және қол тежегіші бар болу. Теміржол жылжымалы құрамындағы қолмен тежегіштер жарамды жай-күйде ұсталуы және олардың есептік тежегіш қ ы с ы м ы н қ а м т а м а с ы з е т у .	өрескел
18	Жылжымалы құрам және АЖҚ теміржол жылжымалы құрам бірліктерінің өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеу құрылғысымен жабдықталуы.	өрескел
19	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үсті деңгейінің үстіндегі биіктігі: 1) локомотивтерде, жолаушылар және бос жүк вагондарында - 1080 миллиметрден а р т ы қ б о л м а й т ы н ; 2) локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында – кем дегенде 980 м и л л и м е т р ; 3) жүк вагондарында (жүк тиелген) - кем дегенде 950 миллиметр; 4) АЖҚ-та бос күйінде - 1080 миллиметрден артық болмайтын, тиелген күйінде – кем д е г е н д е 9 8 0 м и л л и м е т р .	өрескел
20	Құрылыстарды жақындату габариттері (бұдан әрі – С және Сп) магистральдық темір жол желісін, теміржолдық кірме жолдарды, олардағы құрылыстар мен құрылғыларды жобалаған, салған, қайта жаңғыртқан кезде, екінші жолдарды электрлендірген және салған кезде, сондай-ақ пайдаланымдағы барлық құрылыстар мен құрылғылардың с а қ т а л у ы . С мен Сп габариттерінің талаптарына жауап бермейтін қолда бар құрылыстар мен құрылғыларды қайта орналастыруды жоспарлаған кезде, бірінші кезекте, жылжымалы құрам габариттерінің перспективалық жылжымалы құрамын (бұдан әрі – Тпр және Тц), сондай-ақ аймақтық габарит бойынша тиелген жүктерді өткізуді қамтамасыз етпейтін объектілердің ескерілуі.	өрескел
21	Кез келген жөндеу, құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізген кезде құрылыстар мен құрылғылардың габариттерін қамтамасыз ету.	өрескел
22	Қос жолды желілердің аралықтарындағы түзу учаскелердің жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 миллиметрден кем болмауын қамтамасыз ету. Үш және төрт жолды желілерде екінші және үшінші жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 5000 миллиметрден кем болмау.	өрескел
	Көрсетілген габарит шектерінде жүктің дұрыс орналастырылуын тексеру үшін жаппай тиеу орындарында (темір жол кірме жолдарында, теңіз және өзен	

23	порттарында, қайта тиеу станцияларында) габарит қақпаларын орнату. Жолдың жанына түсірілген немесе тиеуге дайындалған жүк құрылыстардың жақындау габариті бұзылмайтындай етіп қойылуы және бекітілуі. Жүктердің (жол жұмыстарына арналып түсірілген балластан басқа) биіктігі 1200 миллиметрге дейін болғанда ол шеткі рельс бастиегінің сыртқы қырынан 2.0 метрден жақын, ал биіктігі жоғары болғанда 2.5 метрден жақын тұрмауды қамтамасыз ету.	өрескел
24	Темір жолдың барлық элементтерімен (жер төсемі, жоғарғы құрылысы және жасанды құрылыстар) пайдаланған кезде поездың осы учаскеде белгіленген жылдамдықтармен қауіпсіз және жатық қозғалысын қамтамасыз ету.	өрескел
25	Темір жолдардың қисықтар радиустары, түзулер мен қисықтардың жанасуы, еңістердің қия беткейлігіне қатысты желінің жоспарына және профиліне сәйкес болу.	өрескел
26	Вагондардың өздігінен басқа жолдарға, поездарды қабылдау және жөнелту маршруттарына шығып кетуінің алдын алу үшін сақтандыру тұйықтарын, қорғағыш бағыттапталарын, лақтырғыш табаншалардың, лақтырғыш үшкірлерді, лақтырғыш бағыттапталарды орналастырылуы, сондай-ақ вагондарды бекітуге арналған стационарлық құрылғылардың қолдануын көздеу.	өрескел
27	Жолдың түзу учаскелерінде және радиусы 350 метрге және одан үлкен, қисықтардағы рельстердің бастиектерінің ішкі шеттері арасындағы жолтабан енінің номиналдық көлемі - 1520 миллиметрге сәйкес болуы.	өрескел
28	Едәуір тік келетін учаскелердегі жолтабанның ені: 1) радиусы 349-дан 300 метрге дейін ағаш шпалдарда - 1530 миллиметр; 2) радиусы 349-дан 300 метрге дейін темірбетон шпалдарда - 1520 миллиметр; 3) радиусы 299 метр және одан кем барлық шпалдар түрінде - 1535 миллиметр.	өрескел
29	Темір жол желілерінің учаскелері мен жолдарында радиусы 650 метрден артық учаскелерде жолтабан енінің номиналдық көлемі 1524 миллиметрге пайдалануға р ұ қ с а т е т і л у і .	өрескел
30	Жолдың түзу және қисық учаскелерінде жолтабан енінің номиналдық өлшемдерден ауытқуының шамасы тарылымы бойынша - 4 миллиметрден, кеңеюі бойынша +8 миллиметрден, ал қозғалыс жылдамдықтары сағатына 50 километр және одан төмен учаскелерде таралымы бойынша - 4 миллиметрден, ал кеңеюі бойынша - +10 м и л л и м е т р д е н о р н а т у .	өрескел
31	Номиналдық мөлшерінен ауытқу шамасы жолтабан енінің номиналдық өлшемдердің кемінде 1512 миллиметрден және 1548 миллиметрден артық болуына жол бермеу. Жолдардың түзу учаскелерінде ауытқу шамасы бойынша жолды пайдалану бір рельстік жіктің екіншісінен 6 миллиметрге биік қатынаста деңгейде жүзеге асыру. Қисық учаскелерде сыртқы рельс жігінің жоғары тұруы 150 миллиметрден арттыру.	өрескел
32	Бас жолдардағы барлық қарсы бағыттапталық бұрмалардың үшкірлері алдынан бастап т е п к і ш б і л е у л е р д і о р н а т у .	өрескел
	Келесі ақаулықтардың ең болмағанда біреуі орын алғанда, бағыттапталық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға жол бермеу: 1) бағыттапталық үшкірлердің және тартқыштары бар айқастырмалардың	

33	<p>жылжымалы өзекшелерінің ажырауы;</p> <p>2) үшкірде бірінші тартымның қарсы тұсында, үшкір айқастырманың өзегінің ұшында стрелканың жабық күшінде өлшенетін үшкірдің рамалық рельстен айқастырмалық жылжымалы өзегінің жақтаудан 4 миллиметр және одан да артық к е й і н қ а л у ы ;</p> <p>3) үшкірдің немесе жылжымалы өзекшені үгітілуі, бұл кезде жотаның төну қаупі туындайды, және барлық жағдайда ұзындығы: басты жолда 200 миллиметр және одан көп; қабылдау-жөнелту жолдарында 300 миллиметр; өзге станциялық жолдарда 400 миллиметр.</p> <p>4) үшкір басының немесе жылжымалы өзекшенің ені үстіңгі бетінде 50 миллиметр және одан астам болып келетін кимасында өлшенетін үшкірдің рамалық рельсінің қарсысында және жылжымалы өзекшенің жақтаудың қарсысында 2 миллиметрге және одан астамға төмендеуі;</p> <p>5) айқастырма өзекшесінің жұмыстың қыры мен жанама рельс тік қалпақшасының жұмыстық қырының арасындағы қашықтық 1472 миллиметрден кем;</p> <p>6) жанама рельс пен жақтаудың жұмыс қырлары арасындағы қашықтық 1435 миллиметрден артық;</p> <p>7) үшкірдің немесе рамалық рельстің омырылуы, айқастырманың (өзекшенің, жақтаудың немесе жанама рельстің) омырылуы;</p> <p>8) бір бұрандамалы ішпекте контррельстік бұрандаманың немесе қос болтты ішпекте е к е у і н і н д е а ж ы р а у ы .</p>	өрескел
34	<p>Темір жолдардың кірме және қосылу жолдарының қабылдау-жөнелту жолдарына және басқа станциялық жолдарға қосылу жерлерінде жылжымалы құрамның өздігінен станцияға немесе аралыққа қарай шығып кетуіне жол бермеу үшін сақтандырғыш тұйықтары, қорғағыш бағыттамаалар, лақтырғыш табандықтар, лақтырғыш үшкірлер немесе түсіргіш бағыттамаалардың болуы. Сақтандырғыш тұйықтардың пайдалы ұзындығы кем дегенде 50 метрдің болуы.</p>	өрескел
35	<p>Созылмалы еністері бар аралықтарда, сондай-ақ осындай аралықтарды шектейтін станцияларда сақтандырғыш тұйықтардың болуы.</p>	өрескел
36	<p>Шектік бағаншалар жолтабандар аралығының ортасында қосылатын жолдардың осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 миллиметрге тең тұсында орнатылуы. Т габариті бойынша салынған жылжымалы құрам айналмайтын пайдаланудағы станциялық жолдарда 3810 миллиметр қашықтықты қалдыруға рұқсат етілуі. Жолтабан аралығының ені азайтылған жүкті аударып тиеу жолдарында шектік бағаншалар жолтабан аралығының ені 3600 миллиметрге дейін жететін жерінде о р н а т ы л у ы .</p>	өрескел
37	<p>Капот типтес шанақты локомотивтерде каптал және бүйір алаңшалардың болуы. Каптал және бүйір алаңшаларының сыртқы жағында аралық қоршауы бар тосқауыл т ұ т қ а л а р ы н ы ң о р н а т ы л у ы .</p>	өрескел
38	<p>Теміржолдар арқылы жүріп өту және өту аймақтарында жол бермеу: теміржол көлігі қозғалысының бұзылуын тудыратын заттарды теміржолдарға қоюға, тастауға, қ а л д ы р у ғ а .</p>	өрескел
39	<p>Теміржол көлігі саласындағы жүктерді тасымалдауға лицензияның болуы.</p>	елеулі

40	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.	елеулі емес
41	Тармақ иеленуші кірме жолдарды техникалық күтіп ұстауды қамтамасыз етеді және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру.	өрескел
42	Тармақ иеленуші әрбір кірме жолға мыналардан тұратын құжаттамалар пакетінің екі данасын ресімдеуді қамтамасыз ету: жолдың бойлық пішіні бар техникалық паспорттың; жасанды құрылыстар сызбасын; мамандандырылған жолдар мен қойма алаңдарын көрсете отырып, тиеу-түсіру (босату) орындары көрсетілген масштабты схема-жоспарын. Жаңа объектілерді пайдалануға енгізгеннен немесе олардың жабылуынан кейін тармақ иеленушімен техникалық паспортқа тиісті өзгерістердің енгізілуі мен паспортқа енгізілген барлық өзгерістердің хабарлануымен техникалық паспорттың бір данасын магистральдық темір жол желісі операторына беруі.	елеулі емес
43	Тармақ иеленушілермен өздерінің орналасқан аумағы шегінде кірме жолдарды жарықпен, сондай-ақ кірме жолдарында қоқыстар мен қардан тазарту жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету.	елеулі емес
44	Тасымалдау процесіне қатысушылар ұйымдарының бірінші басшыларымен алғашқы есептің толық енгізілуін және қауіпсіздікті бұзу жағдайларының дұрыс жіктелуін қамтамасыз ету.	елеулі емес
45	Нұсқаулықтан өтпеген тұлғаларды жұмысқа жіберу бөлігінде, өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау.	өрескел
Теміржол көлігінің көмекші қызметі		
46	Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркелуінің болуы.	елеулі
47	Темір жол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесіне және оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кадрларды жасақтау мен орналастыруды сақтау.	өрескел
48	Жаңа техниканың, технологиялардың және менеджмент құралдарының енгізілуін ескере отырып, теміржол көлігінің негізгі кәсіптерінің қызметкерлерін кәсіби дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдардың іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіру.	өрескел
49	"Қозғалыс қауіпсіздігі күні" тақырыбы бойынша онкүндік сайынғы тексерулер жүргізу.	өрескел
50	Дефектоскопия құралдары мен диагностика жүйелерін жарамды жағдайда ұстау және тиімді пайдалану.	елеулі емес
	Тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету: жұмыстарды жүргізу тәсілдерін, көтергіш-көлік жабдығын және технологиялық	

51	жа б д ы қ т а у д ы т а ң д а у м е н ; жұмыстарды жүргізу орнын дайындаумен және ұйымдастырумен; жұмыс істейтіндерді қорғау құралдарын қолданумен; жұмысқа жіберілген адамдарды медициналық қараудан өткізумен және оларды о қ ы т у м е н .	өрескел
52	Темір жолдарға кіретін жылжымалы құрам, АЖҚ, тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, темір жол көлігін техникалық Қағида талаптарына сәйкес болуы.	өрескел
53	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде мынадай анық айыру белгілері мен ж а з б а л а р ы б о л у ы : 1) теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауы; 2) нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген жасаушы зауыттың тақтайшасы; 3) құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен қабылдау таңбалары; 4) белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жері (локомотивтерден басқа); 5) ыдыстың салмағы (локомотивтерден басқа). Мынадай жазбалардың ж а з ы л у ы : 6) локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және АЖҚ - конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы т а қ т а й ш а л а р м е н ж а з б а л а р ; 7) жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда – орындар саны; 8) жүк, почта, багаж вагондарында - жүк көтергіштігі.	өрескел
54	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық п а с п о р т ы н ж ү р г і з у .	елеусіз
55	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден өтуін қамтамасыз ету.	өрескел
56	Темір жол жылжымалы құрамының иелері және оны күтетін теміржол көлігі қызметкерлері дұрыс техникалық жай-күйін, оған техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және теміржол жылжымалы құрамының белгіленген қызмет көрсету у а қ ы т ы н с а қ т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .	өрескел
57	Жылжымалы құрамның және АЖҚ техникалық жай-күйін локомотив бригадалары немесе АЖҚ бригадалары техникалық қызмет көрсету орындарында қазіргі заманғы диагностика құралдарымен жабдықталған, жүк және жолаушылар деполарында, заводтарда және жөндеу базаларында, жол машина станцияларында және АЖҚ арналған деполарда кешенді және мамандандырылған бригадалары жүйелі түрде т е к с е р і п о т ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .	өрескел
58	Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді тікелей жүзеге асыратын қызметкерлер, тиісті зауыттардың, деполардың, жөндеу кәсіпорындарының, оның ішінде АЖҚ деполарының, жол машина станцияларының, дистанциялардың, шеберханалардың және техникалық қызмет көрсету пункттерінің шеберлері мен басшылары техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің сапасын және жылжымалы құрам мен АЖҚ қозғалыс қауіпсіздігін қадағалауды қамтамасыз ету .	өрескел

59	Пайдаланылатын теміржол жылжымалы құрамының құрылғысына пайдалану сипаттамаларына әсерін тигізетін өзгерістер енгізуге, пайдалану құжаттамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру.	өрескел
60	Вагондардың барлық элементтері беріктігі, орнықтылығы және техникалық жай-күйі бойынша поездардың қауіпсіз және жатық қозғалуын қамтамасыз ету.	өрескел
61	Техникалық қызмет көрсету кезінде тексеруді қамтамасыз ету: 1) жабдықтардың, тораптардың және бөлшектердің жай-күйі және тозуы және олардың белгіленген мөлшерлерге сәйкестігін; 2) қауіпсіздік және радиобайланыс құрылғыларының, тежегіш жабдықтарының және автотіркегіш құрылғыларының бақылау, өлшеу, және сигнал беру құрылғыларының, электр тізбектері жұмысының дұрыстығын; 3) қозғалғыш бөлігінің жай-күйі және жарамдылығы. Арбашаның екі жағындағы сырғақтар арасындағы қосынды саңылау барлық үлгідегі төрт осьті жүк вагондарында, ЦНИИ үлгісіндегі хоппер-дозаторларды қоса алғанда, 20 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 4 миллиметр, саңылауы 12 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 6 миллиметр болатын көмірді, ыстық агломератты, апатиттерді тасымалдауға арналған хопперлерден және ЦНИИ-2, ЦНИИ-3 үлгісіндегі хоппер дозаторларынан, ВС-50 үлгісіндегі думпкаларынан басқа, ал ВС-80, ВС-82, ВС-85 үлгісіндегі думпкаларында 20 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 12 миллиметр болуын; 4) сегіз осьті цистернаның бір шетінің екі жағында жалғағыш және шүберін арқалықтарының сырғақтары арасындағы саңылаулар қосындысында 4-тен 15 м и л л и м е т р г е д е й і н ; 5) тасымалданатын жүктің сақталуына кепілдік беретін шанақтың және цистерналар қ а з а н д ы ғ ы н ы ң ж а р а м д ы л ы ғ ы н ; 6) өту алаңдарының, арнайы баспалдақтардың және тұтқалардың жарамдылығын; 7) жылжымалы құрам бөлшектері мен жабдықтарының жолға түсіп қалуынан сақтандыратын құрылғылардың болуы және олардың жарамдылығын.	өрескел
62	Жылжымалы құрам және АЖҚ теміржол жылжымалы құрам бірліктерінің өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеу құрылғысымен жабдықтау.	өрескел
63	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үсті деңгейінің үстіндегі биіктігі: локомотивтерде, жолаушылар және бос жүк вагондарында - 1080 миллиметрден а р т ы қ б о л м а й т ы н ; локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында – кемінде 980 м и л л и м е т р ; жүк вагондарында (жүк тиелген) - кем дегенде 950 миллиметр; АЖҚ-та бос күйінде - 1080 миллиметрден артық болмайтын, тиелген күйінде - к е м і н д е 9 8 0 м и л л и м е т р .	өрескел
64	Жолаушылар вагондарының автотіркегішінде тігінен ауыстырулардың шектегіштерінің, сондай-ақ технология бойынша жолаушылар поезымен тіркеліп жұмыс істейтін АЖҚ-тың, локомотивтің автотіркегішінде тігінен ауыстырулардың ш е к т е г і ш і н і ң б о л у ы .	өрескел
	Әр доңғалақ жұбының осінде доңғалақ жұбының қалыптастырылу және толық куәландырылу уақыты мен жері туралы белгілер, сондай-ақ қалыптастыру кезінде оны қабылдау туралы таңбалардың болуы. Доңғалақ жұптары жылжымалы құрам астында қарап тексерілу мен толық	

65	куәландырудан шалдығу, сондай-ақ әрбір домалатып қою кезінде тиісті журналдарда немесе паспорттарда тіркелуі.	елеулі емес
66	Жүктелмеген доңғалақ жұбы доңғалақтарының ішкі қырлары арасындағы қашықтық 1440 миллиметрдің болуы. Жылдамдығы сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейінгі поезддарда айналатын локомотивтерде және вагондарда, сондай-ақ өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда ауытқулары ұлғаю жағына қарай 3 миллиметрден артық болмайтын және кему жағына қарай 1 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға рұқсат етіледі, жылдамдығы сағатына 120 километрге дейін болғанда 3 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға рұқсат ету.	өрескел
67	Жылжымалы құрамды, сонымен қоса АЖҚ егер оның доңғалақ жұбы осінің кез келген бөлігінде немесе оның құрсауында, дискісінде және доңғалақ күпшегінде жарығы, доңғалақ жұбының жалында сүйірленген қажағы болса, сондай-ақ жол мен жылжымалы құрамның қалыпты өзара байланысын бұзатын доңғалақ жұбының келесі тозулары мен зақымданулары кезінде, пайдалануға беруге және поездармен жүруіне жол бермеу: 1) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейін: локомотивтердің, моторвагонды жылжымалы құрамның, жолаушы вагондарының домалау шеңбері бойынша 5 миллиметрден артық сырғанау; жолдың биіктігі 30 миллиметр болғанда жотаның шыңынан 20 миллиметр қашықтықта өлшегенде локомотивтерде жотаның қалыңдығы 33 миллиметрден артық немесе 28 миллиметрден кем, ал моторвогонды жылжымалы құрамда, жолаушылар вагондарында жалдың биіктігі 28 миллиметр - жотаның шыңынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде; 2) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километр дейін: Жүріп өту шеңбері бойынша локомотивтерде, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамда және алыс сапардағы қатынастағы поездардың жолаушы вагондарында - 7 миллиметрден астам, моторвагондық және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда, жергілікті және қала маңы қатынасы поездарының жолаушы вагондарында - 8 миллиметрден астам, рефрижераторлық парк вагондарында және жүк вагондарында - 9 миллиметрден астам болғанда; жотаның биіктігі 30 миллиметр кезінде жотаның басынан 20 миллиметр қашықтықта өлшеген кезде локомотивтерде, ал жотаның биіктігі 28 мм жылжымалы құрамда - жотаның басынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде жалдың қалыңдығы 33 миллиметрден астам немесе 25 миллиметрден кем болса; 3) арнайы шаблонмен өлшенетін жотаның тігінен қиылысуының биіктігі 18 миллиметрден астам болғанда; 4) локомотивтерде, моторвагонды және АЖҚ, сондай-ақ роликтік букс мойынтіректері және кассеталық үлгідегі мойынтіректері бар вагондарда тереңдігі 1 миллиметрден астам, ал тендерлерде 2 миллиметрден астам сырғанау сырғақ (ойық) бетінде болғанда.	өрескел
	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондарының доңғалақтары жасаушы зауыттың технологиялық нұсқаулығының талаптарын және төмендегі қосымша талаптарды қанағаттандыруы: 1) доңғалақтардың ішкі қырларының арасындағы қашықтық 1440 миллиметр болуы тиіс, "Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған, жылдамдығы сағатына 160 километрге дейінгі поезддарда айналадағы ауытқулары ұлғаюы жағына 3-миллиметрден және азаю жағына да 1 миллиметрден аспауын; 2) жотаның қалыңдығы 28 миллиметрден кем болмауы, доңғалақ құрсамасының	



68	<p>калыңдығы – кем дегенде 40 миллиметр, домалау шеңбері бойынша сырғанауы 3 миллиметрден артық болмауы тиіс;</p> <p>3) сырғанау шеңбері бойынша доңғалақтар диаметрлерінің айырмашылығы доңғалақ жұбын шығарып қайрау кезінде – 0,5 миллиметрден артық болмайды, шығарусыз – 1 миллиметрден артық болмауын;</p> <p>4) шектес вагондар арбашаларының арасындағы доңғалақ диаметрлерінің айырмашылығы – 5 миллиметрден артық болмауын;</p> <p>5) сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 миллиметрге дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда, қозғалыс жылдамдығы сағатына 140 километрден артық болмауын;</p> <p>6) сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 миллиметрден 1 миллиметрге дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда, қозғалыс жылдамдығы сағатына 120 километрден артық болмауын;</p> <p>7) тереңдігі 1 миллиметрден артық сырғақты байқаған жағдайда Теміржол көлігіндегі техникалық пайдану қағидасы талаптарын басшылыққа алуын.</p>	өрескел
69	<p>Құрылыстар, құрылғылар, механизмдер мен жабдықтар осы Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидалардың талаптарына сәйкестігі. Құрылыстардың, құрылғылардың, негізгі механизмдер мен жабдықтардың техникалық және пайдалану сипаттамалары техникалық паспорттарының болуы.</p>	өрескел
70	<p>Кез келген жөндеу, құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізген кезде құрылыстар мен құрылғылардың габариттерін қамтамасыз ету.</p>	өрескел
71	<p>Қызмет ету мерзімі өткен вагондарға деполық және күрделі жөндеу жүргізу олардың техникалық жағдайын Техникалық шешім бойынша диагностикадан өткізген соң орындалуын, бұл ретте ұзартылған қызмет ету мерзімі 5 жылдан аспауын, вагондардың жалпы белгіленген қызмет ету мерзімі, ұзартуды ескергенде, шығарушы зауыттың базалық вагонға арналған техникалық шарттарында (бұдан әрі - ТШ) көрсетілген қызмет ету мерзімінің біржарымдық мөлшерінен аспау.</p>	елеулі емес
72	<p>Тартқыш жылжымалы құрам, сондай-ақ жолаушылар вагондары, АЖҚ жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық түрде қарап тексерілуін жүргізу.</p>	елеулі емес
73	<p>Локомотивтік, сондай-ақ жолаушылар, моторвагонды және АЖҚ орнатылған қауіпсіздік және поездық радиобайланыс құрылғылары осы құрылғылардың жұмысын реттеу арқылы бақылау пунктінде кезең-кезеңмен қарап тексерілуін қамтамасыз ету.</p>	өрескел
74	<p>Жұмыс істеп тұрған локомотивтер, моторвагонды және АЖҚ, оларды пайдалану ережесін білетін қызметкердің, ал станциялық жолдарда - машинистің, АЖҚ жүргізушісінің немесе депо жолдарында және кәсіпорындардың жолдарындағы олардың көмекшілерінің қадағалауында тұруын қамтамасыз ету.</p>	өрескел
75	<p>Локомотивтер мен моторвагонды теміржол жылжымалы құрамды (өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамды) поездардың айналым бағыттары бойынша инфрақұрылымның поездық радиобайланыс жүйесімен үйлесетін (инфрақұрылымда пайдаланған жағдайда) поездық радиобайланыс құрылғыларымен, белгіленген көрсеткіштерді тіркейтін жылдамдық өлшегішпен, автоматты локомотивтік сигнализацияның локомотивтік құрылғылармен және қауіпсіздік құрылғылармен жабдықтау.</p>	өрескел

76	<p>Мынадай ақаулылықтардың ең болмаса біреуі болған жағдайда локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға шығаруға жол бермеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дыбыс сигналын беруге арналған аспаптың ақаулығы;</li> <li>2) пневматикалық, электрпневматикалық, қол тежегіштердің немесе сығымдағыштың ақаулығы ;</li> <li>3) ең болмаса бір тартымдық электр қозғалтқышының ақаулығы немесе өшіп қалуы;</li> <li>4) автоматты локомотивтік сигнализациясының немесе қауіпсіздік құрылғыларының ақаулығы ;</li> <li>5) автотоктатудың немесе машинистің сергектігін тексеру құрылғыларының ақаулығы ;</li> <li>6) жылдамдық өлшегіштің және оның құрылғыларының реттеуші жетегінің ақаулығы ;</li> <li>7) поездық және маневрлік радиобайланыс құрылғыларының ақаулығы, ал моторвагонды жылжымалы құрамда - "жолаушы-машинист" байланысының ақаулығы ;</li> <li>8) гидродемпферлердің, аккумуляторлық батареяның ақаулығы;</li> <li>9) автотірегіш құрылғылардың ақаулығы, соның ішінде ағыту тұтқышы шынжырының үзілуі немесе оның деформациясы;</li> <li>10) құм беру жүйесінің ақаулығы;</li> <li>11) прожектордың, буферлік шамның, жарықтандырудың, бақылау немесе өлшеу аспабының ақаулығы ;</li> <li>12) қамыттағы, серіппелі іліністегі немесе серіппенің түпкі табағындағы жарық, серіппе табағының сынуы ;</li> <li>13) букс корпусындағы жарық ;</li> <li>14) букстық немесе моторлы-осьтік мойынтіректің ақаулығы;</li> <li>15) бөлшектердің жолға түсіп қалуынан сақтандыратын конструкцияда көзделген құрылғының болмауы немесе оның ақаулығы;</li> <li>16) тартқыш тісті берілістің ең болмағанда бір ғана тісінің жарығы немесе сызаты;</li> <li>17) жаққыш майдың ағып кетуіне әкелетін тісті беріліс қаптамасының жоғары вольтты камераның қорғағыш бұғаттауының ақаулығы; ток қабылдағыштың ақаулығы ;</li> <li>18) өрт сөндіру құралдарының, автоматты өрт сөндіру сигнализациясының ақаулығы (локомотив конструкциясында көзделген);</li> <li>19) қысқа тұйықталу токтарынан, асқын жүктемеден және асқын кернеуден қорғау, дизельдің авариялық тоқтауынан сақтандыру құрылғыларының ақаулығы;</li> <li>20) дизельден тарсылдау, бөтен шуыл дыбыстарының пайда болуы;</li> <li>21) электр жабдығының қорғаныш қаптамаларының болмауы;</li> <li>22) локомотивті басқарудың микропроцессорлық жүйесінің ақаулығы.</li> </ol>	өрескел
77	<p>Электр сақтандырғыш құрылғылары, өрт сөндіру құралдары, өрт сигнализациясы және локомотивтердегі және моторвагонды жылжымалы құрамдағы автоматика, манометрлер, сақтандырғыш клапандар, ауа резервуарлары сынақтан және қуәландырудан шалдығу.</p>	өрескел
30	Учаскеде жол осінен тіректердің ішкі шетіне дейінгі қашықтық кемінде 3,1 метр болатын түйіспе желісінің тіректері болған кезде қанаттары ашық соқалы қар тазалағыштармен жұмысына жол бермеу.				
31	Жедел резервтегі АЖҚ-ны техникалық қарап тексермей станциядан жөнелтуіне жол бермеу.				
32	Комиссиялық қарап тексерудің нәтижелері, жөндеудің, кезеңдік қызмет көрсетудің түрлері АЖҚ жұмысы, оған кезеңдік техникалық қызмет көрсету және жөндеу журналына жазылуын қамтамасыз ету.				
33	АЖҚ иелері техникалық пайдалану, жоспарлы жөндеулердің қауіпсіздігі талаптарының және техникалық куәландыру көлемдерін және пайдалану құқығын беретін құжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету.				
34	Жылжымалы құрам, оның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам автоматты тежегіштермен жабдықталу, бұдан басқа, жолаушылар вагондары, моторвагонды жылжымалы құрам және жолаушылар поездарын жүргізуге арналған локомотивтер электрпневматикалық тежегіштермен жабдықталу. Шаруашылық, қала маңындағы поездардың құрамына адамдарды тасымалдау үшін енгізілетін жүк вагондарында тоқтату кранының болуы.				

35	<p>Құрылыстарды жақындату габариттері (бұдан әрі – С және Сп) магистральдық темір жол желісін, теміржолдық кірме жолдарды, олардағы құрылыстар мен құрылғыларды жобалаған, салған, қайта жаңғыртқан кезде, екінші жолдарды электрлендірген және салған кезде, сондай-ақ пайдаланымдағы барлық құрылыстар мен құрылғылардың с а қ т а л у ы .</p> <p>С мен Сп габариттерінің талаптарына жауап бермейтін қолда бар құрылыстар мен құрылғыларды қайта орналастыруды жоспарлаған кезде, бірінші кезекте, жылжымалы құрам габариттерінің перспективалық жылжымалы құрамын (бұдан әрі – Тпр және Тц), сондай-ақ аймақтық габарит бойынша тиелген жүктерді өткізуді қамтамасыз етпейтін объектілердің ескерілуі.</p>				
36	<p>Қос жолды желілердің аралықтарындағы түзу учаскелердің жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 миллиметрден кем болмауын қамтамасыз ету.</p> <p>Үш және төрт жолды желілерде екінші және үшінші жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 5000 миллиметрден кем болмауы.</p> <p>Темір жол станцияларында (бұдан әрі - станциялар) түзу учаскелерде шектес жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 4800 миллиметрден кем болмайды, екінші дәрежелі жолдар мен жүк аудандарының жолдарында 4500 миллиметрден кем болмауы. Станцияларда бас жолдар шетте орналасқан болса олардың арасындағы қашықтық 4100 миллиметр болып белгіленеді. Жүкті тікелей вагоннан вагонға қайта тиеуге арналған жолдардың осьтері арасындағы қашықтықты 3600 миллиметр етуге жол беру.</p> <p>Аралықтар мен станцияларда қисық учаскелердегі шектес жолдар осьтерінің арасындағы және жол осі мен құрылыстардың жақындау габариті арасындағы горизонтальдық қашықтықтар белгілеу.</p>				
37	<p>Көрсетілген габарит шектерінде жүктің дұрыс орналастырылуын тексеру үшін жаппай тиеу орындарында (темір жол кірме жолдарында, теңіз және өзен порттарында , қайта тиеу станцияларында) габарит қақпаларын орнату.</p> <p>Жолдың жанына түсірілген немесе тиеуге дайындалған жүк құрылыстардың жақындау габариті бұзылмайтындай етіп қойылуы және бекітілуі.</p> <p>Жүктердің (жол жұмыстарына арналып түсірілген балластан басқа) биіктігі 1200 миллиметрге дейін болғанда ол шеткі рельс бастиегінің сыртқы қырынан 2.0 метрден жақын, ал биіктігі жоғары болғанда 2.5 метрден жақын тұрмауды қамтамасыз ету.</p>				
38	<p>Темір жолдың барлық элементтері (жер төсемі, жоғарғы құрылысы және жасанды құрылыстар) пайдаланған кезде поездың осы учаскеде белгіленген жылдамдықтармен қауіпсіз және жатық қозғалысын қамтамасыз ету.</p>				

39	Темір жол қисықтардың радиустары, түзулер мен қисықтардың жанасуы, еңістердің қия беткейлігіне қатысты желінің жоспарына және профиліне сәйкестігі.					
40	Станциялар, разъездер мен озу пункттері алаңда 0,0015-тен тік емес орналасу. Локомотивтің немесе вагондардың маневр және құрамнан ағытылуы және құрастырылған поездардың ажыратылуы, сондай-ақ бойлық немесе жартылай бойлық үлгідегі аралық станциялар көзделмеген станциялар, разъездер мен озу пункттері 0,0025-тен тік емес еңіспен орналасу. Пайдаланудағы станцияларда қабылдау-жөнелту жолдарын ұзартқан жағдайда және вагондардың немесе құрамдардың (локомотивсіз) өздігінен жүріп кетуінің жол бермейтін құрылғылардың барында еңістер 0,0025-тен, бірақ 0,010-нан тік емес еңістерге рұқсат ету.					
41	Вагондардың немесе құрамдардың (локомотивсіз) өздігінен жүріп кетуіне жол бермеу үшін станцияларда, разъездер мен озу пункттерінде вагондарды локомотивтен ағытып алу және маневрлік операциялар жүргізу көзделетін жаңадан салынған және қайта жаңғыртылған қабылдау-жөнелту жолдарының шектегіш бағыттамаалар жағына қарай еңіске қарсы құрылғылары бар бойлық профилі болуы және оны жобалау нормативтеріне сәйкес болуы .					
42	Вагондардың өздігінен басқа жолдарға, поездарды қабылдау және жөнелту маршруттарына шығып кетуінің алдын алу үшін сақтандыру тұйықтарын, қорғағыш бағыттамааларын, лақтырғыш табаншалардың, лақтырғыш үшкірлерді, лақтырғыш бағыттамааларды орналастырылуы, сондай-ақ вагондарды бекітуге арналған стационарлық құрылғыларды қолдануын қамтамасыз ету.					
43	Станциялар, разъездер мен озу пункттері, сондай-ақ жекелеген парктер мен тартымдық жолдар түзу учаскелерде орналасу. Кесіп өту жағдайда орналасқан станциялар, разъездер мен озу пункттері радиусы кем дегенде 1500 метр қисықтарда орналастырылады, ал таулы жағдайда радиусы 600 метрге дейін азайтумен орналастыру.					
44	Ұлттық инфрақұрылымын операторында болуы: 1) дистанцияда бар жол шаруашылығының барлық құрылыстары мен құрылғылардың сызбалары мен сипаттамаларының; 2) станциялардың масштабтық және схемалық жоспарлары, барлық бас және станциялық жолдардың, сұрыптау дөңестерінің, сондай-ақ локомотивтер айналатын темір жол кірме жолдарының бойлық бейіндерінің.					

45	<p>Жер төсемінің үстіңгі жағындағы ені жолдың түзу учаскелерінде жолдың үстіңгі құрылысына сәйкестігі. Қолданыстағы желілерде олардың қайта құрылуына дейін жер төсемінің ені кем дегенде: дара жолды желілерде - 5,5 метр, қосжолды желілерде - 9,6 метр, ал жеке жолды желілердегі жартастық және құрғатқыш топырақтарда кем дегенде - 5,0 метр, қосжолды желілерде 9,1 метр болуына ж о л б е р у .</p> <p>Жер жиегінің үстіңгі бетіндегі ең аз ені жолдың әр жағынан 0,4 м е т р б о л у ы .</p>				
46	<p>Жолдың түзу учаскелерінде және радиусы 350 метр және одан үлкен, қисықтардағы рельстердің бастиектерінің ішкі шеттері арасындағы жолтабан енінің номиналдық көлемі - 1520 м и л л и м е т р г е с ә й к е с т і г і .</p>				
47	<p>Едәуір тік келетін учаскелердегі жолтабанның ені: радиусы 349-дан 300 метрге дейін ағаш шпалдарда - 1530 м и л л и м е т р ;</p> <p>2) радиусы 349-дан 300 метрге дейін темірбетон шпалдарда - 1520 м и л л и м е т р ;</p> <p>3) радиусы 299 метр және одан кем барлық шпалдар түрінде - 1535 м и л л и м е т р .</p>				
48	<p>Темір жол желілерінің учаскелері мен жолдарында радиусы 650 метрден артық учаскелерде жолтабан енінің номиналдық көлемі 1524 миллиметрге пайдалануға рұқсат е т у .</p>				
49	<p>Жолдың түзу және қисық учаскелерінде жолтабан енінің номиналдық өлшемдерден ауытқуының шамасы тарылымы бойынша - 4 миллиметрден, кеңеюі бойынша +8 миллиметрден, ал қозғалыс жылдамдықтары сағатына 50 километр және одан төмен учаскелерде тарылымы бойынша - 4 миллиметрден, ал кеңеюі бойынша - +10 миллиметрден о р н а т у .</p>				
50	<p>Номиналдық мөлшерінен ауытқу шамасы жолтабан енінің номиналдық өлшемдердің кемінде 1512 миллиметрден және 1548 миллиметрден артық болуына жол бермеу. Жолдардың түзу учаскелерінде ауытқу шамасы бойынша жолды пайдалану бір рельстік жіктің екіншісінен 6 миллиметрге биік қатынаста деңгейде жүзеге асыру. Қисық учаскелерде сыртқы рельс жігінің жоғары тұруы 150 миллиметрден а р т т ы р у .</p>				
51	<p>Көпірлер мен тоннельдер бакылау-габариттік құрылғыларымен қоршалуын, хабарлау сигнализациясымен және бөгегіш бағдаршамдарымен қ а м т а м а с ы з е т у .</p>				



	Жасанды құрылыстар өртке қарсы құралдармен және қарап тексеруге арналған құралдарымен жабдықтау.				
52	Жолдың және құрылыстардың жай-күйін бақылау магистральдық темір жол желісінде жол өлшегіш вагондар мен арбашалар, ақауапқыш вагондар, ақауапқыш автмотрисалар, ақауапқыш арбашалар, ақаутабу жөніндегі зертханалар, көпірлік, тоннельдік, жолды тексерушілік, габарит-тексерушілік, сынау, жөндеу-тексеру-сүнгуір станциялары қолдану.				
53	Темір жолдармен поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін станцияларда және елді мекендерге, мал бағу орындарына жақын орналасқан жерлерде қоршау құрылыстарын орнату.				
54	Басты және станциялық жолдардағы рельстер мен бағыттамалық бұрмалар қуаты мен жай-күйі бойынша пайдалану жағдайларына (жүктасымалдылығы, осьтік жүктемелер және поездардың қозғалыс жылдамдықтары) сәйкес болуын қамтамасыз ету.				
55	Бас жолдардағы барлық қарсы бағыттамалық бұрмалардың үшкірлері алдынан бастап тепкіш білеулер орнату.				
56	Қисық учаскелерде басты жолдарға жаңадан бағыттамалық бұрмаларды орнатуға жол бермеу. Орталықтандырылған бағыттамалар климаттық және басқа жағдайларға байланысты механикаландырылған тазарту немесе қар еріту құрылғыларымен жабдықтау.				
57	Мына ақаулықтардың ең болмағанда біреуі орын алған бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға жол бермеу: 1) бағыттамалық үшкірлердің және тартқыштары бар айқастырмалардың жылжымалы өзекшелерінің ажырауына; 2) үшкірде бірінші тартымның қарсы тұсында, үшкір айқастырманың өзегінің ұшында стрелканың жабық күшінде өлшенетін үшкірдің рамалық рельстен айқастырмалық жылжымалы өзегінің жақтаудан 4 миллиметр және одан да артық кейін қалуына; 3) үшкірдің немесе жылжымалы өзекшені үгітілуі, бұл кезде жотаның төну қаупі туындайды, және барлық жағдайда ұзындығына: басты жолда 200 миллиметр және одан көп; кабылдау-жөнелту жолдарында 300 миллиметр; өзге станциялық жолдарда 400 миллиметр. 4) үшкір басының немесе жылжымалы өзекшенің ені үстіңгі бетінде 50 миллиметр және одан астам болып келетін қимасында өлшенетін үшкірдің рамалық рельсінің қарсысында және жылжымалы өзекшенің жақтаудың қарсысында 2 миллиметрге және одан астамға төмендеуіне;				

	<p>5) айқастырма өзекшесінің жұмыстың қыры мен жанама рельс тік қалпақшасының жұмыстық қырының арасындағы қашықтық 1472 миллиметрден кем;</p> <p>6) жанама рельс пен жақтаудың жұмыс қырлары арасындағы қашықтық 1435 миллиметрден артық;</p> <p>7) үшкірдің немесе рамалық рельстің омырылуы, айқастырманың (өзекшенің, жақтаудың немесе жанама рельстің) омырылуына;</p> <p>8) бір бұрандамалы ішпекте контррельстік бұрандаманың немесе қос болтты ішпекте екеуінің де ажырауына.</p>				
58	<p>Бақылау бағыттама құлыптарымен орталықтандырылмаған бағыттама ны жабдықтау:</p> <p>1) поездарды қабылдау және жөнелту жүргізілетін жолдарда орналасқан, сондай-ақ қорғалатын;</p> <p>2) 1-класты қауіпті жүктері (жарылғыш материалдары) бар вагондардың тұруына бөлінген жолдарға апаратын;</p> <p>3) қалпына келтіру және өрт сөндіру поездарының тұруына бөлінген жолдарға апаратын;</p> <p>4) сақтандырғыш және ұстағыш тұйықтарға апаратын;</p> <p>5) ақауапқыш вагондардың, жол өлшегіш вагондардың, теміржол құрылыс машиналарын тоқтатып қоюға бөлінген жолдарға апаратын орталықтандырылмаған бағыттама лар ж а б д ы қ т а л у ы т и і с .</p>				
59	<p>Бағыттама лар және айқастырмалардың жылжымалы өзекшелері (дөңестік және сұрыптау жолдарында орналасқандардан басқа), оның ішінде орталықтандырылған және бақылау құлыптары барлары, оларды ілінбелі құлыппен жабудың мүмкіндігі болу үшін үлгі құралдармен жабдықтау. Бұл құралдар үшкірдің рамалық рельске, айқастырманың жылжымалы өзекшесін жақтауға тығыз жанасуын қамтамасыз ету.</p>				
60	<p>Магистральдық темір жол желісінің бір деңгейде қиылысатын, сондай-ақ желілердің, темір жол кірме және қосылу жолдарының басты жолдарға қосылатын жерлерінде аралықтар мен станцияларда сақтандырғыш тұйықтары немесе қорғағыш бағыттама лар орналасу. Темір жолдардың кірме және қосылу жолдарының қабылдау-жөнелту жолдарына және басқа станциялық жолдарға қосылу жерлерінде жылжымалы құрамның өздігінен станцияға немесе аралыққа қарай шығып кетуіне жол бермеу үшін сақтандырғыш тұйықтары, қорғағыш бағыттама лар, лақтырғыш табандықтар, лақтырғыш үшкірлер немесе түсіргіш бағыттама лардың болуы. Сақтандырғыш тұйықтардың пайдалы ұзындығы кем дегенде 50 метр болуы .</p>				
61	<p>Созылмалы еңістері бар аралықтарда, сондай-ақ осындай аралықтарды шектейтін станцияларда сақтандырғыш тұйықтарды көздеу .</p>				

62	<p>Бас жолдардың жанында жол және сигнал белгілерін орнату. Бағыттамалық бұрмалардың жанында және жолдар қосылатын басқа жерлерде шектік бағаншаларын орнату. Темір жолға бөлінген белдеу шекарасын көрсету үшін, сондай-ақ жер төсемінің көрінбейтін құрылыстарын жер бетінде белгілеу үшін ерекше жол белгілері орнатылуын қамтамасыз ету.</p>				
63	<p>Шектік бағаншалар жолтабандар аралығының ортасында қосылатын жолдардың осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 миллиметрге тең тұсында орнату. Т габариті бойынша салынған жылжымалы құрам айналмайтын пайдаланудағы станциялық жолдарда 3810 миллиметр қашықтықты қалдыруға рұқсат ету. Жолтабан аралығының ені азайтылған жүкті аударып тиеу жолдарында шектік бағаншалар жолтабан аралығының ені 3600 миллиметрге дейін жететін жерінде орнату.</p>				
64	<p>Жоспарлы тәртіппен жаяу жүргінші өтпелері темір жолдармен бір деңгейде жаяу жүргінші тоннельдері немесе жаяу жүргінші көпірлерімен алмастырылады не болмаса, жақын жердегі жасанды құрылыстың (құбырдың, кіші көпірдің) астына жіберіледі, бұл ретте осы құрылыстардың көлемдері "1520 миллиметр жолтабан темір жолдары" құрылыс-техникалық нормаларының талаптарына жауап беруін қамтамасыз ету. Құрылыс кезеңіне қолданыстағы жолдар арқылы өтетін жаяу жүргінші жолдарының, оларды , поездың жақындауы туралы ескертетін сигнализациямен, сақтандырғыш тосқауылдармен, ескерту қалқандарымен жабдықтай отырып, сақталуына рұқсат ету.</p>				
65	<p>Жолаушылар поездарының жүрдек жылдамдығы жүзеге асырылатын барлық өтпелерге кезекші қызметкерлер қызмет көрсету. Бұрын кезекші персонал болмаған өтпелерде, оларды орналастыруға арналған үй-жайлар дайындалуын (күрделі жөнделген немесе үлгі жоба бойынша жаңадан салынған) қамтамасыз ету.</p>				
66	<p>Өтпе бойынша кезекші немесе оның міндеттерін орындайтын қызметкер жүрдек жолаушылар поезының өтуіне 5 минут қалғанда өтпе бойынша көлік құралдарының қозғалысын тоқтатады және тоспаның жабылуын қамтамасыз ету.</p>				
67	<p>Темір жол өтпесі бойынша жүгі бар немесе жүксіз ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарын, баяу жүрісті машиналар мен автопоездарды жүрдек поездың өтуіне 1 сағат қалғанда өткізуге жол бермеу. Жүрдек жолаушылар поезының өтуіне кемінде 20 минут қалғанда малды айдап өтуге тыйым салу.</p>				

68	Жол, автоматика және телемеханика, электрмен жабдықтау құрылғылары және жылжымалы құрам, оның ішінде арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам электрлік рельстік тізбектерінің тұрақты сенімді жұмысын қамтамасыз ету.				
69	Аралықта және станцияда қозғалыс үшін кез келген кедергі (тоқтауды талап ететін жер), сондай-ақ қозғалыс үшін қауіпті, тоқтауды немесе жылдамдықты азайтуды талап ететін, жұмыстар жүргізілетін жер поездың (маневрлік құрамның) келуіне қарамастан екі жақтан да сигналдармен қоршау.				
70	Жол бермеу : 1) қозғалыс үшін қауіпті, жұмыстар жүргізілетін жер сигналдармен қоршалғанға дейін жұмыстарға кірісуге; 2) кедергі жойылғанға, жұмыстар толық аяқталғанға, жолдың, түйіспе желісінің күйі, габариттің сақталуы тексерілгенге дейін, кедергіні немесе жұмыстар жүргізілетін жерді қоршап тұрған сигналдарды алуға.				
71	Құрылыстарды және құрылғыларды жөндеу негізінен, поездар қозғалысының кестесін бұзбай қозғалыс қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету кезінде жүргізу . Поездар қозғалысының кестесінде көлемі бойынша үлкен жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде терезелерді көздеуді және осы жұмыстарды тудыратын жылдамдықты шектеуді ескеру. Ұлттық темір жол компаниясы "Жол бөлімшесі" филиалы бекіткен жергілікті нұсқаулығына сәйкес жолдардың, жасанды құрылыстардың , байланыс желілерінің және СОБ құрылғыларының ағымдағы күтіп ұстауы бойынша жұмыстарды орындау үшін поездар қозғалысы кестесінде ұзақтығы 1.5-2 сағат, осы жұмыстарды кешенді машиналар, арнайы бригадалар, механикаландырылған колонналармен орындау кезінде ұзақтығы 3-4 сағат технологиялық терезе көздеу.				
72	Алда болатын көзделген жұмыстарды жүргізумен байланысты ескертулер беру туралы өтінімдерді беру: 1) жол шеберлері, түйіспе желісі аудандарының бастықтары мен электрмеханиктері, сигнал беру және байланыс дистанцияларының электрмеханиктері – жұмыстар жүргізу уақытына, алайда 12 сағаттан артық емеске ; 2) жол, сигнал беру және байланыс дистанциялары, электрмен жабдықтау дистанцияларының бастықтары - 5 тәулікке дейінгі мерзімге.				
73	Бақылау рамасымен келе жатқан жүкті тиісті біліктілігі бар жол қашықтығының тәжірибелі жұмыскері алып жүруінің				

	б о л у ы .				
74	Теміржолдардан тек белгіленген орындарда, жаяу жүргіншілер көпірлері, туннельдері, теміржол өткелдері арқылы өтуі . Көпірлері мен туннельдері жоқ станцияларда теміржолдардан жаяу жүргіншілер төсемдері арқылы өтуге р ұ қ с а т е т у .				
75	Теміржол арқылы жүріп өту және өту аймақтарында жол бермеу : 1) шлагбаум жабық тұрған немесе өткелдің дабыл бағдаршамы қызыл белгісін көрсеткен кезде теміржол өткелдерінен өтуге жол бермеу; 2) теміржол өткеліндегі жабық тұрған шлагбаумның астына түсуге, сондай-ақ шлагбаум жабыла бастаған кезде өткелге шығуға ; 3) бағыттамалы бұрмалар бойынша жолдардан өтуге; 4) станциялар мен екі аралықтарда вагондардың астына кіруге және жолдан өту үшін авто тіркеуден асып түсуге.				
76	Теміржолдар арқылы жүріп өту және өту аймақтарында жол бермеу: теміржол көлігі қозғалысының бұзылуын тудыратын заттарды теміржолдарға қоюға, тастауға, қалдыруға .				
77	Сигналдарды қабылдауға кедергі жасайтын және сигналдық көрсетулерді бұрмалайтын қызыл, сары және жасыл түсті әшекейлік жаймаларды, плакаттар және шамдар орнатуға жол бермеу.				
78	Кіру, ескертпелік, өтпелі, бөгегіш және қоршау бағдаршамдардың қызыл, сары және жасыл сигналдық жарықтары жолдың түзу учаскелерінде жақындап келе жатқан поездың локомотивінің басқару кабинасынан күндіз және түнде кемінде 1000 метр қашықтықта анық көрінуінің б о л у ы . Жолдың қисық учаскелерінде бұл бағдаршамдардың, сондай-ақ бағдаршамдардағы сигналдық жолақтардың көрсетулері кемінде 400 метр қашықтықта анық көріну. Қатты ойлы-қырлы жерде (таулар, терең ойықтар) аталған бағдаршамдар көрсетулерінің 400 метрден кем, бірақ 200 метр қашықтық көрінуді белгілеу. Басты жолдардың шығу және маршруттық бағдаршамдардың көрсетулері кем дегенде көрсетулері 400 метрге дейін, бүйір жолдардың шығу және маршруттық бағдаршамдарының, сондай-ақ шақыру сигналдарының және маневрлік бағдаршамдардың көрсетулері кем дегенде 200 метр қашықтықта анық көріну.				
	Станцияларда поездарды қабылдау және жөнелту маршруттарына кіретін бағыттамалардың кіру, шығу және				

79	маршруттық бағдаршамдарымен өзара тәуелділігі болуы.				
80	Аралықтар жол бұғаттауымен, ал жекелеген учаскелерде аралықтағы екі бағыт бойынша локомотивтік бағдаршамдардың сигналдары бойынша жүргізілетін дербес сигнализация және байланыс құралы ретінде қолданылатын автоматты локомотивтік сигнализациямен ж а б д ы қ т а у .				
81	Жол бұғаттауымен жарактандырылған учаскелерде орналасқан станцияларда бұл құрылғылардың шаруашылықтық поездарға арналған жезл-кілттері, итермелеу қолданылатын жартылай автоматтық бұғаттауы бар учаскелердің станцияларда, поездардан қайтарып алып итергіш локомотивтерге де, - жезл-кілттерінің болуымен қ а м т а м а с ы з е т у .				
82	Автоматты және жартылай автоматты бұғаттаумен және радиобұғаттаумен жарактандырылған желілерде орналасқан станцияларда болуы: 1) бос емес жолға қойылған маршрут кезінде кіру бағдаршамының ашылуына жол бермейтін; 2) басқару аппараттарында жолдар мен бағыттамалардың бос еместігін бақылауын қамтамасыз ететін құрылғылардың .				
83	Электрлік орталықтандыру құрылғыларымен жол бермеу: 1) бос емес жолға маршрут қойылған кезінде кіру бағдаршамының ашылуына; 2) жылжымалы құрамның астындағы бағыттаманың ауыстырылуына ; 3) егер бағыттамалар тиісті қалыпқа қойылмаса, осы маршрут бойынша тиісті бағдаршамдардың ашылуына; 4) маршрутқа кіретін бағыттаманың ауыстырылуына немесе қойылған маршрутты шектейтін ашық бағдаршам кезінде қарсы маршрут бағдаршамының ашылуына.				
84	Орталықтандырылған бағыттамалардың жетектері мен тұйықтағыштарын қамтамасыз ету: 1) бағыттамалардың шеткі жағдайларында қысылған үшкірдің рамалық рельске және айқастырманың жылжымалы өзекшесінің жақтауға тығыз жанасуын; 2) қысылған үшкір мен рамалық рельс немесе жылжымалы өзекшемен жақтаудың арасындағы саңылау 4 миллиметр және одан астам болған кезде бағыттама үшкірлерінің немесе айқастырманың жылжымалы өзекшесінің тұйықталуына ; 3) басқа үшкірді рамалық рельстен кем дегенде 125 миллиметрге бұруына .				
	Бағыттамалардың бақылау құлыптарымен жол бермеу: - кілттің тек бағыттаманың жабық күйінде ғана алынуына;				

85	<p>- бағыттамаларды тек құлыптан суырып алынған кілтте көрсетілген қалпында, үшкірдің рамалық рельске тығыз жанасқан жағдайында ғана жабады;</p> <p>- қыстырылған үшкір мен рамалық рельс арасындағы саңылау 4 миллиметр және одан астам болғанда бағыттаманың жабылуына жол бермейді.</p>				
86	<p>Диспетчерлік орталықтандыру құрылғыларын қамтамасыз е т у :</p> <p>1) бір орыннан бағыттамалар мен бағдаршамдар арқылы бірқатар станциялар мен аралықтарды басқаруды;</p> <p>2) басқару аппараттарынан бағыттамалардың жағдайы мен бос еместігін, аралықтың, станциялардағы жолдардың бос еместігін бақылау, сондай-ақ кіру, маршруттық және шығу бағдаршамдары көрсетулерін қайталау және өтпелік сигнализация жұмысын бақылау;</p> <p>3) поездарды қабылдау, жөнелту және маневрлерді орындау бойынша резервтік басқаруға берудің немесе маневрлерді орындау үшін бағыттамаларды жергілікті б а с қ а р у ғ а б е р у ;</p> <p>4) поездардың орындалған қозғалысы кестесінің автоматтық жазбасын ;</p> <p>5) сигнализация мен байланыстың жеке құралы ретінде қолданылатын электрлік орталықтандыруға, автоматтық бұғаттауға және автоматты локомотивтік сигнализациясына және поездың толық құрамымен келіп жеткенін жартылай автоматтық бұғаттауына қойылатын талаптардың орындалуын .</p>				
87	<p>Станцияларда технологиялық қажеттілігіне байланысты станциялық радиобайланыс, екіжақты парктік байланыс құрылғылары және жолаушыларға ақпарат беруге арналған б а й л а н ы с қ о л д а н у .</p> <p>Станциялық радиобайланыс маневрлік және дөңестік радиобайланыс, станциялық технологиялық орталықтардың, вагондар мен локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пункттері радиобайланысының, жүк аудандарының вагондарын коммерциялық қарап тексеру пункттері, контейнерлік алаңшалар, техникалық құралдарға (автоматика мен телемеханика, ақпараттандыру, байланыс, жол, түйіспе желісі) қызмет көрсету және жөндеу бойынша бригадалардың, әскерилендірілген ведомстволық күзет бөлімшелерінің радиобайланысы желілерінде екі жақты байланысты қамтамасыз етеді.</p> <p>Бір станция шегінде әр түрлі маневрлік аудандар үшін бірдей радиожиліктер қолдануға жол бермеу.</p>				
	<p>Станцияның әр маневрлік ауданы және оған қызмет көрсететін локомотивтер үшін жеке радиожилік бөлу. Екі жақты парктік байланыс құрылғылары парк шегінде жақсы естілуді қамтамасыз ету. Бұл құрылғылар магистральдық темір жол желісі аумағының сыртындағы шуылды азайту үшін бағытты түрде істеуін қамтамасыз ету</p>				

88	<p>. Поездық және маневрлік жұмыс жөнінде нұсқауларды беруге, сондай-ақ жолаушыларға ақпарат беру үшін арналған екіжақты парктік байланыс құрылғылары үнемі іске қосылуы күйінде болуы, байланыс арналарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі, іске қосылған күйінің бақылауының болуы.</p>				
89	<p>Поездық диспетчерлік және бағыттамалы байланысты поездар қозғалысымен байланысты емес мәселелер бойынша сөйлесуге жол бермеу. Бағыттамалы байланыс желісіне, орындаушы орталықтандыру қосындарын, бағыттамалы қосындарды және станция бойынша кезекшіні қоспағанда, басқа телефондарды қосуға жол бермеу.</p>				
90	<p>Станциялар мен диспетчерлік учаскелердегі пойыздық және станциялық радиобайланыс құрылғылары сөйлесуді құжатталған тіркеу жүйесімен жабдықтау.</p>				
91	<p>Аспалық әдіспен тартылған кәбілдік байланыс желілері иіліс жебесі барынша төмен түсіңкіреген жағдайда кемінде мынадай биіктікте болуы: 1) халық қоныстанбайтын жерлерде жер бетінен - 5,0 метр; 2) халық қоныстанатын жерлерде жер бетінен - 6,0 метр; 3) жолаушылар платформаларының бетінен - 4,5 метр; 4) темір жол өтпелеріндегі автомобиль жолдарының бетінен - 7,0 метр. Автоматика мен телемеханика және байланыс әуе желілері сымдарының төменгі нүктесінен жерге дейінгі қашықтық иіліс жебесінің барынша түсіңкіреуі кемінде: 5) аралықтарда - 2,5 метр; 6) станцияларда - 3,0 метр; 7) автомобиль жолдарымен қиылыстарда - 5,5 метр (қолданыстағы желілерде, олардың қайта құрылуына дейін 4,5 метр қашықтықты сақтауға рұқсат етіледі).</p>				
92	<p>Темір жолдың жүрдек жолаушылар поездарының айналымы учаскелерде орналасқан аралықтар мен станциялар автоматты автобұғаттаумен немесе радиобұғаттаумен, автоматты локомотивті сигнализацияның автотоқтағышы бар автоматты локомотивтік сигнализациясымен (бұдан әрі - АЛСН), көпмәнді АЛСН немесе борттық қауіпсіздік жүйесімен, сигналдар мен бағыттамалардың электрлік орталықтандыруымен, диспетчерлік орталықтандырудың немесе диспетчерлік бақылаудың микропроцессорлық құрылғыларымен, ақаулы вагондарды автоматты анықтау құрылғыларымен, Теміржол көлігіндегі техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес байланыс және радиобайланыс түрлерімен жабдықтау, бұл ретте поездық радиобайланыс дуплекспен жабдықтау. Поездар қозғалысын автоматты басқару,</p>				



	автоматтандырылған жұмыс орындары жүйелері жоспарлы тәртіппен енгізу.			
93	Солардың көмегімен түрлі тәуелділіктер жүзеге асырылатын автоматика және телемеханика аппараттары, сондай-ақ поезддық және станциялық радиобайланыс аппараттары жабық болуын және пломбылануын, оларды ашуды бұл құрылғыларды қарап тексеру журналына алдын ала жаза отырып, сигнализация және байланыс дистанциясының қызметкерімен жүргізу.			
94	Автоматика және телемеханика құрылғылары бойынша үлгілік техникалық шешімдерді Ұлттық инфрақұрылым операторымен немесе концессия шарттары бойынша темір жол иесімен бекіту. Автоматика және телемеханика құрылғыларында үлгілік емес техникалық шешімдерді қолдануға жол бермеу.			
95	Белгіленген тәуелділіктердің бұзылуына немесе олардың жұмысын уақытша тоқтауына алып келетін автоматика және телемеханика құрылғылары мен аспаптарын қайта жабдықтау, оның орнын ауыстыру, жөндеу, сынау және ауыстыру жөніндегі жоспарлық жұмыстар оларды орындаудың ең аз мерзімдерін көздейтін кестелерге сәйкес жүргізілуі. Станцияларда мұндай жұмыстарды станция бойынша кезекшінің келісімімен және бұл туралы жұмыс басшысының жолдарды, бағыттағалық бұрмаларды, автоматика және телемеханика, байланыс және түйіспе желісі құрылғыларын қарап тексеру журналына алдын ала жазбастан жүргізу. Диспетчерлік орталықтандыруы бар учаскелерде осындай жұмыстар поезд диспетчерінің келісімімен жүргізу.			
96	Сигналдық аспаптарды жарықтандыру сигналдар көрсетулері арқылы айқын көрінуін қамтамасыз ету.			
97	Сигнализация және байланыс құрылғыларына қызмет көрсететін қызметкерлер бағдаршамдардың және маршруттық нұсқағыштардың сигналдық көрсетулерінің тұрақты қалыпты көрінуін қамтамасыз ету. Бағдаршамдар көрсетулерінің көрінуін электр механик бағдаршамдық шамдарды ауыстырған сайын жолдан тексеруін қамтамасыз ету. Аралықтар мен станциялардың басты жолдары бойынша сигналдардың көрінуін аға электр механик локомотивтен айына кемінде бір рет және сигнализация және байланыс шаруашылық кәсіпорындарының басшылары тоқсанына кемінде бір рет тексерілуін қамтамасыз ету..			
	Автоматты локомотив сигнализациясы, радиобайланыстың және қауіпсіздік құрылғыларының жұмысы тоқсанына кемінде бір рет тексерілуін қамтамасыз ету.			

98	Автоматты локомотив сигнализациясы мен поезддық радиобайланыс әрекеттері тоқсанына кем дегенде бір рет вагон-зертхана тексеруін жүргізу.				
99	Жол, автоматика және телемеханика, электрмен жабдықтау құрылғылары және жылжымалы құрам, соның ішінде арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам электрлік рельстік тізбектерінің тұрақты сенімді жұмысын қамтамасыз ету.				
100	Станциялар бойынша кезекшілердің қызметтік үй-жайларында басқару және бақылау аспаптары, оның ішінде автоматтандырылған жұмыс орнының станция бойынша кезекшінің жұмысына тікелей қатысы бар аппаратурасы, сондай-ақ жарық беруді орталықтандырып басқару және секциялық ажыратқыштарды қашықтан басқару пульттері, поезд жүріп келе жатқанда жылжымалы құрамның техникалық күйін автоматты бақылау құралдарының тіркеуші аппаратурасы орнату. Жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған үй-жайлар, операцияларды тез орындау үшін қолайлы қолжетімді болуы тиіс. Жолаушыларға қызмет көрсетуге тағайындалған үй-жайларды басқа мақсаттар үшін қолдануға жол бермеу.				
101	Станциялық жолдарда станция бойынша кезекшінің келісімімен және жұмыс басшысы Жолдарды, бағыттамалы бұрмаларды, автоматика мен телемеханика, байланыс және түйіспе желісі құрылғыларын қарап тексеру журналына алдын ала жазумен тоқтау немесе жылдамдықты кеміту сигналдарымен қоршауды талап ететін жұмыстар жүргізу. Диспетчерлік орталықтандырумен жабдықталған учаскелерде мұндай жұмыстар көрсетілген тәртіппен, бірақ поезд диспетчерінің келісімі бойынша ғана орындау. Мұндай жұмыстарды түйіспе желісінде кернеуді ажыратып, бірақ жол мен жасанды құрылыстардың тұтастығын бұзбастан жүргізгенде, сондай-ақ кенеттен пайда болған ақаулықтарды жою жөніндегі жұмыстарды орындаған кезде жұмыстардың басталуы және аяқталуы туралы жазба жұмыстар басшысы станция бойынша кезекшіге (диспетчерлік орталықтандыруы бар учаскелерде - поезд диспетчеріне) беретін, сол журналда тіркелетін телефонхатпен ауыстыру. Жұмыстар аяқталғаннан кейін құрылғыларды іске қосуды жұмыс басшысының Жолдарды, бағыттамалы бұрмаларды, автоматика мен телемеханика, байланыс және түйіспе желісі құрылғыларын қарап тексеру журналындағы жазбасы немесе станция бойынша кезекшіге берілген, кейіннен жұмыс басшысы жеке қолын қоятын, сол журналда тіркелетін телефонхаттың негізінде станция бойынша кезекшісімен жүргізу.				

102	<p>Станция бойынша кезекші жолдардың, бағыттамалық бұрмалардың, сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау (одан әрі – СОБ), байланыс құрылғыларының және түйіспелік желілердің ақаулықтарын анықтағанда (жеке немесе басқа қызметкерлердің баяндамалары бойынша) жолдарды, бағыттамалық бұрмаларды, СОБ, байланыс құрылғыларын және түйіспелік желілерді ДУ-46 қарап тексеру журналында (бұдан әрі - ДУ-46 нысанындағы қарап тексеру журналында) бұл туралы жазба жасауды және тиісті жол, сигнал беру және байланыс дистанцияның құрылғыларға қызмет көрсетуші қызметкерін (жол шеберін, СОБ және байланыс электр механиктерін) және кезекші инженерін (диспетчерін) тиісті жол дистанциясы, сигнал беру және байланыс, электрмен жабдықтауды хабардар етуді жүзеге асыру.</p> <p>Поездар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық құрылғылардың барлық ақаулықтары туралы станция бойынша кезекші бұдан басқа поездық диспетчердің хабардар ету.</p> <p>Ақаулықтарды жою туралы тиісті қызметкер ДУ-46 нысанындағы қарап тексеру журналында тиісті белгі қояды, ол оның қолымен және станция бойынша кезекшінің қолымен куәландыруды жүзеге асыру.</p>				
103	<p>Әрбір жезлдың реттік нөмірі, сериясы және аралықты шектеуші станцияның атауының болуы. Әрбір аралыққа жезлдың өз сериясы сәйкестігі. Бір сериялы жезлдық аппараттарды кемінде үш аралықтан жиіге, ал тораптарға кірулерде – аралықты шектеуші екі станцияда да екіден артық аралықта жезлдық аппараттар орнатуға, онда поездар болмаған кезде сомасында жезлдардың жұп саны болғанда жол беру.</p>				
104	<p>Ескертулер беру:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жолдың, түйіспе желісі құрылғыларының, өтпелік сигнал беруінің, жасанды және басқа құрылыстардың ақаулығы кезінде, сондай-ақ жылдымдықты азайту немесе жолда тоқтауды талап ететін жол және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде;</li> <li>2) қолданысқа сигнал беру және байланыстың жаңа құралдарын енгізу кезінде, сондай-ақ бағдаршамдардың жаңаларын қосу, қолданыстағыларының орнын ауыстыру немесе жою және бағдаршамды жабық жағдайға келтіру мүмкін емес ақаулығы кезінде;</li> <li>3) автоматты локомотивтік сигнал беруінің жол құрылғыларының ақаулығы кезінде;</li> <li>4) поездарды тиеу габаритінен тыс шығатын жүктермен жөнелту кезінде, бұл поездың жүруі кезінде жылдамдықты төмендету немесе ерекше жағдайларда сақтау қажет кезде;</li> <li>5) қос жолды аралықта қар тазалағыш, балластер, жол төсегіш, көтеру краны, шағылтас тазалағыштар және басқа машиналардың жұмысы кезінде;</li> <li>6) поезға осы учаске үшін белгіленген жылдамдықпен жүре алмайтын жылжымалы құрамды қойған кезде;</li> </ol>				

	<p>7) алынып-салынатын жылжымалы бірліктердің нашар көріну жағдайындағы жұмысы кезінде, сондай-ақ жол вагоншаларында ауыр жүктерді тасымалдаған кезде;</p> <p>8) жолда поездың жылдамдығын азайту немесе тоқтату талап етілетін барлық жағдайларда, сондай-ақ локомотив бригадаларын поездың жүруінің ерекше жағдайлары туралы ескерту қажет жағдайларда.</p>				
105	<p>Орталықтандырылған бағыттамаларды, оқшауланған учаскелерді, бақылаулық бағыттамалық құлыптарды және басқа құрылғыларды сигналдарды пайдалануды сақтаумен ажыратуды СОБ электрмеханигімен (кілттік тәуелділік кезінде монтер де) мына мерзімге жүргізу:</p> <p>1) 8 сағатқа дейін – станция бастығының, ал диспетчерлік орталықтандыруы бар учаскелерде – поездық диспетчердің рұқсатымен және сигнал беру және байланыс дистанциясының аға электрмеханигінің немесе кезекші инженерінің рұқсатымен;</p> <p>2) 8 сағаттан артық (5 тәулікке дейін) – Ұлттық темір жол компаниясы - "Тасымалдау процессінің дирекциясы" филиалының рұқсатымен;</p> <p>3) 5 тәуліктен артық - Ұлттық темір жол компаниясы рұқсатымен жүргізеді.</p> <p>Диспетчерлік орталықтандыруы бар учаскелерде ақаулықтарды жою үшін бағыттамаларды немесе оқшауланған учаскелерді ажырату барлық жағдайларда тек станцияны резервтік басқаруға берген соң ғана.</p>				
106	<p>Электрмен жабдықтау құрылғылары қысқа тұйықталу токтарынан, белгіленген нормалардан артық асқан кернеулер мен асқын жүктемеден қорғалуды қамтамасыз е т у .</p> <p>Тұрақты токпен электрлендірілген желілер аумағында орналасқан металды жерасты құрылыстары (құбыржолдар, кабельдер және т.б.), сондай-ақ металл және темірбетон көпірлер, жолөткелдер, түйіспе желісінің тіректері, бағдаршамдар, гидробағандар және т.б. электрлік коррозиядан қорғалған.</p> <p>Тұрақты токтағы электрлендірілген желілердің тартымдық қосалқы станциялары, сондай-ақ электрлі жылжымалы құрамның автоматика, телемеханика және байланыс құрылғыларының қалыпты жұмысын бұзатын түйіспе желісі токтарының өтуінен қорғалған.</p>				
107	<p>Түйіспелік сым аспасының рельс бастиегінің биіктігі үстіңгі бетінің деңгейінен аралықтарда және станцияларда 5750 миллиметрден төмен емес, ал өтпелерде 6000 миллиметрден төмен болмай белгілену.</p> <p>Қолданыстағы желілерде бұл қашықтық жылжымалы құрамның тұруы көзделмеген станцияларда орналасқан жолдардағы, сондай-ақ аралықтардағы жасанды құрылыстар шектерінде, ауыспалы токтағы электрлендірілген желілерде 5675 миллиметрге дейін және</p>				

	<p>тұрақты тоқтағы электрлендірілген желілерде 5550 миллиметрге дейін кемітіледі. Түйіспелік сым аспасының биіктігі 6800 миллиметрден аспауына жол бермеу.</p>				
108	<p>Жасанды құрылыстар шегінде кернеуде тұрған токқабылдағыштың токтасымалдауыш элементтерін және түйіспелік торап бөліктерінен құрылыстардың және жылжымалы құрамның жерге тұйықталған бөліктеріне дейінгі қашықтық тұрақты токпен электрлендірілген желілерде кемінде 200 миллиметр және айнымалы токпен электрлендірілген желілерде кемінде 350 метр болады.</p>				
109	<p>Аралықтарда және станцияларда шеткі жолдың осінен түйіспе желісі тірегінің ішкі шетіне дейінгі қашықтық кем дегенде 3100 миллиметр болуы. Ойықтардағы тіректер кюветтердің шегінен тыс жерлерде орнатылуы. Қар тым қатты басатын ойықтарда (жартастысынан басқа) және олардан шыға берістерде (100 метр ұзындықта) шеткі жолдың осінен түйіспе желісі тірегінің ішкі шетіне дейінгі қашықтық кем дегенде 5700 миллиметр болуы.</p>				
110	<p>Қолданыстағы желілерде олар жаңартылғанға дейін, сондай-ақ жаңадан электрлендіріліп жатқан желілерде аса қиын жағдайларда шеткі жолдың осінен түйіспе желісі тірегінің ішкі шетіне дейінгі қашықтық кем дегенде станцияларда 2450 миллиметр және аралықтарда 2750 миллиметр болуына жол беру. Барлық белгіленген мөлшерлер жолдың түзу учаскелері үшін белгіленуі. Поездардың жылдамдығы сағатына 140 километрден астам айналу жол учаскелерінде, сондай-ақ жолдың қисық учаскелерінде бұл қашықтықтар түйіспе желісі тіректері үшін белгіленген габариттік кеңеюге сәйкес ұлғайтылуы. Түйіспелі торабы, әуе желілері мен бағдаршамдар, сондай-ақ сигналдық белгілер тіректерінің өзара орналасуы сигналдар мен белгілердің жақсы көрінуін қамтамасыз ету.</p>				
111	<p>Түйіспелі торабының элементтері, темірбетон тіректердегі, темірбетон және металл емес жасанды құрылыстардағы түйіспелі тораптың бекіту бөлшектері бекітілетін барлық металлды құрылыстар (көпірлер, жолөтпелер, тіректер), сондай-ақ кернеуде тұрған түйіспе желісінің бөліктерінен кем дегенде 5 метр қашықтықта орналасқан, жеке тұрған металл конструкциялар (гидробағандар, бағдаршамдар, көпірлер мен жолөтпелердің элементтері және басқалары) жерге тұйықталуы немесе құрылыстар мен конструкцияларға жоғары кернеу түскенде қорғанышты ажыратылу құрылғыларымен жабдықталуын қамтамасыз ету. Түйіспелі тораптың және айнымалы ток әуе желілерінің әсері аймағында орналасқан, қауіпті кернеулер пайда</p>				

	<p>болатын барлық металды құрылыстар да жерге түйықтауға жатады.</p> <p>Электрлендірілген жолдардың үстінде орналасқан жолөтпелер мен жаяу жүргіншілер көпірлерінде сақтандырғыш қалқандар және кернеуде тұрған түйіспе желісінің бөліктерінен сақтау үшін адамдар өтетін жерлерде жаппай төсем орнату.</p>				
112	<p>Кернеуі 1000 вольттан астам электр берілісі әуе желілері сымдарының төменгі нүктесінен жер бетіне дейінгі қашықтық барынша ұзын асу жебесінің кем дегенде болуы: 6,0 метр – аралықтарда; 5,0 метр - соның ішінде жетуі қиын жерлерде ;</p> <p>7,0 метр - автомобиль жолдарымен қиылысқанда, станцияларда және елді мекендерде болуы тиіс темір жол жолдары қиылысқан кезде кернеуі 1000 вольттан астам электр берілісі әуе желілері сымдарының төменгі нүктесінен электрлендірілмеген жолдардың рельс бастиегінің жоғарғы жағының деңгейіне дейін кем дегенде 7 , 5 м е т р .</p>				
113	<p>Түйіспелі тораптың, автобұғаттау және бойлық электрмен жабдықтаудың электр коректену және секциялау схемасын Ұлттық инфрақұрылымдық операторымен немесе концессия бойынша теміржол иесімен бекіту.</p>				
114	<p>Станцияларда жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған құрылыстарға, поездарды қабылдау және жөнелту, тиеу-түсіру және маневрлік жұмысты жүргізу, жылжымалы құрамды жарактандыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жолдары мен парктеріне, жүк аудандарына, контейнерлік алаңдарға, сұрыптау платформаларына, вагондық таразыларға, қарап тексеру мұнараларына, габариттік қақпаларға, поездар мен вагондардағы коммерциялық ақаулықтарды автоматты анықтау құрылғыларына, сондай-ақ қызметкерлер поездарды қарсы алатын жерлерге, бағыттамалы алқымдарға, қоймаларға, өтпелерге, жолдар мен пункттерге жарық берілуі қ а м т а м а с ы з е т у .</p>				
115	<p>Қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары жөндеудің жоспарлы-ескерту түрлерінен, техникалық қызмет көрсетуді уактылы өткізуді және пайдалану процесінде техникалық жарамды күйде күтіп ұстауды қамтамасыз ету.</p>				
116	<p>Қалпына келтіру поездары орналасқан пункттер арасындағы қашықтық кемінде 300 километр, аз әрекетті учаскелерде кемінде 400 километр қашықтыққа белгіленеді . Өрт сөндіру поездарының шығатын учаскелері өрт сөндіру поезының шығу радиусы 100 километрден артық болмайтын шектелген учаскелердің соңғы пунктіне жеткізу</p>				

	үшін қажетті уақыттың есебінен (1,5 сағаттан артық болмайтын) белгілеу.				
117	Қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары тұратын жерлері екі жаққа шығуы бар жолдарда болуы және қалпына келтіру және өрт сөндіру поездарының АЖҚ тұруына ғана арналуы.				
118	Жылжымалы құрамның рельстерден шығып кетуінің салдарын жою, авариялардың, объектілердегі және құрамдағы өрттерді сөндіру, сондай-ақ АЖҚ жетіспеген кезде жұмыста қиындықтардың туындауын, пойыздар қозғалысындағы іркілістердің алдын алу үшін Ұлттық инфрақұрылым операторы бөлімше бойынша бұйрықпен жедел резервтегі, жөндеудің жоспарлы түрінен өткен АЖҚ-ны пайдалануға тарту				
119	Пункттерде тұрақты әзірлікте тұруының болуы: 1) қалыпты қозғалысты қалпына келтіру және жылжымалы құрамның соқтығысуы мен рельстен шығып кетуі салдарларын жоюға арналған қалпына келтіру поездары, арнайы автомотрисалар, дрезиналар және жолдар мен электрмен жабдықтау құрылғыларын қалпына келтіруге арналған автомобильдер мен байланыстың жөндеу-қалпына келтіру вагондары мен автомобильдері, авариялық-дала командаларының; 2) өрттердің алдын алуға және оларды сөндіруге арналған өрт сөндіру поездары мен өрт сөндіру командаларының.				
120	Қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы автомотрисалар мен дрезиналар тұрақты тұратын жолдарға жылжымалы құрамды қоюға жол бермеу.				
121	Қалпына келтіру поездары (арнайы өзі жүретін жылжымалы құрамның), өрт поездары және қосалқы локомотивтер поезд жолына тоқтаған жетекші локомотив машинисінен (машинист көмекшісінен) алынған көмек көрсету туралы (жазбаша, телефон немесе радиобайланыс бойынша берілген) талаптар негізінде, сонымен қатар жол шаруашылығы, электрмен жабдықтау, сигнал беру мен байланыстың басқарушы қызметкерлерінің талаптары бойынша тағайындау. Қалпына келтіру және өрт поездарын шақыру осы поездар туралы қолданыстағы ережелерге сәйкес жүргізіледі. Қалпына келтіру, арнайы өзі жүретін жылжымалы құрамды, сонымен қатар қосалқы локомотивтерді тағайындау орнына дейін жөнелту және жүруі поездық диспетчердің бұйрығы бойынша жүзеге асыру.				
	Қауіпті жүктерді апару, тиеу, түсіру (жүк түсіру) сақтау және тасымалдау қауіпсіздігі авариялық жағдайлар және				

122	олардың зардаптарын жоюға теміржол бөлімшелерінің қажетті құралдар мен мобильдік бөлімшелердің болуымен қ а м т а м а с ы з е т у .				
123	Жолаушылар поездары бағыты бойында 60 км/сағ жылдамдықпен арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құраммен тексеріс жүргізу (жолөлшегіш вагон, вагон-дефектоскоп және т.б.)				
124	Теміржол желілерінің учаскелері мен жолдарында радиусы 650 метрден артық учаскелерде жолтабан енінің номиналдық көлемі 1524 миллиметрге пайдалануға жол б е р у .				
Т а с ы м а л д а у ш ы ғ а		қ а т ы с т ы			
1	Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркеуінің болуы.				
2	Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) берілуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
3	Тасымалдау қағидаларымен көзделген тәртіппен және мерзіммен тасымалдаушылармен немесе жүкжөнелтушілермен (жүкқабылдаушы) жүктерді тиеу, түсіруді жүзеге асыру.				
4	Жүк тасымалдау шартына сәйкес тасымалдаушы жүк жөнелтуші өзіне сеніп тапсырған жүкті оның тасымалдау талаптарын сақтай отырып, баратын теміржол станциясына дер кезінде әрі сол күйінде жеткізіп беруге және жүк алушыға тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүк тасымалына ақы төлеуге және оны қабылдап а л у . Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиеуге беруге және оларды алып кетуді жүзеге асыру. Берілген вагондар, контейнерлер мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін тасымалдау қағидаларына сәйкес (жарамды, іші мен сырты тазаланған) болуды қамтамасыз ету.				
5	Теміржол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесіне және оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кадрларды жасақтау мен орналастыруды сақтау.				



6	Денсаулық сақтау саласындағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 155-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген денсаулық сақтау саласына сәйкес қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді, сондай-ақ локомотив бригадаларын және поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлердің денсаулығын ауысым алдындағы куәландыруды жүргізу.				
7	Жаңа техниканың, технологиялардың және менеджмент құралдарының енгізілуін ескере отырып, теміржол көлігінің негізгі кәсіптерінің қызметкерлерін кәсіби дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдардың іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіру.				
8	Поездар қозғалысымен байланысты қызметкерлердің қозғалыс қауіпсіздігі мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы нұсқаулықтармен қағидаларды білу мәніне мерзімді тексерулер жүргізу.				
9	"Қозғалыс қауіпсіздігі күні" тақырыбы бойынша онкүндік сайынғы тексерулер жүргізу.				
10	Тасымалдау процесіне қатысушылар ұйымдарының бірінші басшыларымен алғашқы есептің толық енгізілуін және қауіпсіздікті бұзу жағдайларының дұрыс жіктелуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
11	Меншік нысанына қарамастан қызметін теміржол көлігі саласында жүзеге асыратын тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтері Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде жол берілген қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарына әкелген қауіпсіздік бұзушылықтары туралы ақпаратты уәкілетті органына және оның аумақтық бөлімшелеріне жедел тәртіппен бір тәуліктен кешіктірмей, ал поездар мен жылжымалы құрамның соқтығысуы, жолдан шығып кетуі жағдайларында оқиға болған сәттен бастап бір сағаттан к е ш і к т і р м е й ұ с ы н у .				
12	Көрсетілген габарит шектерінде жүктің дұрыс орналастырылуын тексеру үшін жаппай тиеу орындарында (теміржол кірме жолдарында, теңіз және өзен порттарында, қайта тиеу станцияларында) габарит қақпалары орнатылады. Жолдың жанына түсірілген немесе тиеуге дайындалған жүк құрылыстардың жақындау габариті бұзылмайтындай етіп қойылуы және бекітілуі.				

13	<p>Поездық диспетчерлік және бағыттамалы байланысты поездар қозғалысымен байланысты емес мәселелер бойынша сөйлесуге жол бермеу. Бағыттамалы байланыс желісіне, орындаушы орталықтандыру қосындарын, бағыттамалы қосындарды және станция бойынша кезекшіні қоспағанда, басқа телефондарды қосуға жол бермеу.</p>				
14	<p>Қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы автотрисалар мен дрежиналар тұрақты тұратын жолдарға жылжымалы құрамды қоюға жол бермеу.</p>				
15	<p>Поездар қозғалысымен байланысты қызметкерлерге (станциялар бойынша кезекшілерге, маневрлік диспетчерлерге, сигнализация және байланыс дистанциялары қызметкерлеріне және т.б.) тағайындалған қызметтік ғимараттар мен үй-жайларда жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз еуі. Станциялар бойынша кезекшілердің қызметтік үй-жайларында басқару және бақылау аспаптары, соның ішінде автоматтандырылған жұмыс орнының станция бойынша кезекшінің жұмысына тікелей қатысы бар аппаратурасы, сондай-ақ жарық беруді орталықтандырып басқару және секциялық ажыратқыштарды қашықтан басқару пульттері, поезд жүріп келе жатқанда жылжымалы құрамның техникалық күйін автоматты бақылау құралдарының тіркеуші аппаратурасын орнату.</p>				
16	<p>Станциялық жолдарда станция бойынша кезекшінің келісімімен және жұмыс басшысы Жолдарды, бағыттамалы бұрмаларды, автоматика мен телемеханика, байланыс және түйіспе желісі құрылғыларын қарап тексеру журналына алдын ала жазумен тоқтау немесе жылдамдықты кеміту сигналдарымен қоршауды талап ететін жұмыстар жүргізу. Диспетчерлік орталықтандырумен жабдықталған учаскелерде мұндай жұмыстар көрсетілген тәртіппен, бірақ поезд диспетчерінің келісімі бойынша ғана орындау. Мұндай жұмыстарды түйіспе желісінде кернеуді ажыратып, бірақ жол мен жасанды құрылыстардың тұтастығын бұзбастан жүргізгенде, сондай-ақ кенеттен пайда болған ақаулықтарды жою жөніндегі жұмыстарды орындаған кезде жұмыстардың басталуы және аяқталуы туралы жазба жұмыстар басшысы станция бойынша кезекшіге (диспетчерлік орталықтандыруы бар учаскелерде - поезд диспетчеріне) беретін, сол журналда тіркелетін телефонхатпен ауыстыру. Жұмыстар аяқталғаннан кейін құрылғыларды іске қосуды жұмыс басшысының Жолдарды, бағыттамалы бұрмаларды, автоматика мен телемеханика, байланыс және түйіспе желісі құрылғыларын қарап тексеру журналындағы жазбасы немесе станция бойынша кезекшіге берілген, кейіннен жұмыс басшысы жеке қолын қоятын, сол</p>				

	журналда тіркелетін телефонхаттың негізінде станция бойынша кезекшісімен жүргізу.			
17	<p>Станция бойынша кезекші жолдардың, бағыттамалық бұрмалардың, сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау (бұдан әрі – СОБ), байланыс құрылғыларының және түйіспелік желілердің ақаулықтарын анықтағанда (жеке немесе басқа қызметкерлердің баяндамалары бойынша) жолдарды, бағыттамалық бұрмаларды, СОБ, байланыс құрылғыларын және түйіспелік желілерді ДУ-46 қарап тексеру журналында (бұдан әрі - ДУ-46 нысанындағы қарап тексеру журналында) бұл туралы жазба жасау және тиісті жол, сигнал беру және байланыс дистанцияның құрылғыларға қызмет көрсетуші қызметкерін (жол шеберін , СОБ және байланыс электр механиктерін) және кезекші инженерін (диспетчерін) тиісті жол дистанциясы, сигнал беру және байланыс, электрмен жабдықтауды хабардар ету. Поездар қозғалысының қауіпсіздігіне катер төндіретін техникалық құрылғылардың барлық ақаулықтары туралы станция бойынша кезекші бұдан басқа поездық диспетчерді х а б а р д а р е т у .</p> <p>Ақаулықтарды жою туралы тиісті қызметкер ДУ-46 нысанындағы қарап тексеру журналында тиісті белгі қояды , ол оның қолымен және станция бойынша кезекшінің қолымен куәландыруды жүзеге асыру.</p>			
18	<p>Әрбір жезлдың реттік нөмірі, сериясы және аралықты шектеуші станцияның атауының болуы. Әрбір аралыққа жезлдың өз сериясы сәйкестігі. Бір сериялы жезлдық аппараттарды кемінде үш аралықтан жиіге, ал тораптарға кірулерде – аралықты шектеуші екі станцияда да екіден артық аралықта жезлдық аппараттар орнатуға, онда поездар болмаған кезде сомасында жезлдардың жұп саны б о л ғ а н д а ж о л б е р у .</p>			
19	<p>Құрылыстарды және құрылғыларды жөндеу негізінен, поездар қозғалысының кестесін бұзбай қозғалыс қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету кезінде ж ү р г і з у .</p> <p>Поездар қозғалысының кестесінде көлемі бойынша үлкен жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде терелер көзделуі тиіс және осы жұмыстарды тудыратын жылдамдықты шектеу .</p>			
20	<p>Станцияның техникалық құралдарын пайдалану тәртібі станцияның техникалық - өкімдік актісінде белгілу, станциялар бойынша поездарды қауіпсіз және кедергісіз қабылдау, жөнелту және жүруі, станция ішілік маневрлік жұмыстың қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды сақтауды регламенттелуін сақтау .</p>			
	<p>Станцияда поездарды қабылдау станцияның техникалық - өкімдік актісінде тағайындалған еркін жолдарда, тек ашық</p>			

21	<p>кіру сигналы кезінде, ал жолаушылар поезы автоматты локомотив сигнал беру құрылғыларымен жабдықталған жолдарда жүргізілуін сақтау. Осы құрылғылармен жабдықталмаған жолдарда қабылдау кезінде жолаушылар поезының қауіпсіздігін қамтамасыз ету Ұлттық темір жол компаниясының бұйрығымен белгілеу. Станция бойынша кезекші поездарды дер кезінде қабылдау үшін еркін жолдардың бар екендігін қамтамасыз ету. Жабық кіру сигналында поездарды кідірту қажеттілігі үшін станция бойынша кезекші жауапты болуы.</p>				
22	<p>Станция бойынша кезекшімен, ал диспетчерлік орталықтанумен жабдықталған учаскелерде поездек диспетчерімен жол бермеу;  - шығу бағдаршамын ашпауға;  - поезде жөнелту үшін маршрут дайын екеніне, бағыттамалар бекітілгеніне, жөнелту маршрутындағы бағыттамаларда маневрлер тоқтатылғанына, техникалық қызмет көрсетуге және құрамды коммерциялық тексеру аяқталғанына көз жеткізбей отырып, немесе аралықтың бос болмауына байланысты басқа рұқсат бермеуіне. Поездарды олардың құрастыру станциясынан, поезд құрамасына вагондарды тіркеу немесе ағыту жүргізілетін станция немесе поездең артқы жағын белгілейтін сигналды дискілерді айырбастау көзделген станциядан жөнелту кезінде станция бойынша кезекші шығу бағдаршамын ашар алдында немесе локомотив, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинисіне аралықты иеленуге рұқсат берер алдында станцияның техникалық-өкімдік актісінде белгіленген тәртіппен соңғы вагонда поезд сигналының бар екендігіне көз жеткізу.</p>				
23	<p>Маневрлік жұмыс кезінде нұсқауларды берудің негізгі құралы радиобайланыс, ал қажетті жағдайларда – екі жақты парктік байланыс құрылғысының болуы. Маневрлік жұмыс кезінде сигналдарды қолдық сигнал аспаптарымен беруге рұқсат ету. Поездарды құрастырушы алып жүретін ақаусыз радиостанциямен қамтамасыз ету. Станцияларда бар радиобайланыс және екіжақты парктік байланыс құрылғылары маневрлік жұмысты ұйымдастыру және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдалану.</p>				
24	<p>Жылжымалы құрам станциялық жолдарда шекті бағандармен белгіленген шекараларда тоқтау. Станциялық жолдарда локомотивсіз тұрған поездардың, вагондардың құрамдары мен арнайы жылжымалы құрам жылжып кетуден тежегіш табандықтарымен, вагондарды бекітуге арналған станциялық құрылғылармен, қол тежегіштерімен және басқа бекіту құралдарымен сенімді бекітілуін қамтамасыз ету.</p>				

25	<p>Күшін жойғанға дейін орнатылған ескертудің күшін жоюға тек оны орнатқан қызметкердің немесе оның тікелей бастығының ғана құқығы бар. Ескертуді орнатқан лауазымды тұлғалар оларға бағынысты желілік бөлімшелердің басшыларына тиісті жұмыстар орындалған соң орнатылған ескертулердің күшін жоюды немесе ескертумен белгіленген поездар қозғалысының жылдамдығын арттыруды орындауды тапсыра алады. Мұндай тапсырма туралы ескертуді беруге арналған өтінімде көрсету. Жол өлшегіш және ақауапқыш вагондар бастықтарының өтінімдері бойынша берілген ескертулердің күшін жоюды жол дистанциясының директорымен немесе оның орынбасарымен жүргізу.</p>				
26	<p>Құрамында жарылғыш материалдар бар вагондары бар поездар учаскелер бойынша жүруі кезінде поездық диспетчердің, станциялар бойынша кезекшілердің тұрақты бақылауында болуы тиіс, олар бұл поездардың кедергісіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру. Құрамында жарылғыш материалдар бар вагондары бар поездардың болатын жөнелтілуі туралы поезды құрастыру станциясы бойынша кезекші алдын ала поездық диспетчерге хабарлау.</p>				
27	<p>Поездар қозғалысымен байланысты қызметкер теміржолдар бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік қағидалары және олармен авариялық жағдайларды жою тәртібін білу және нақты орындау. Жылжымалы құрамның және оның жүріс бөліктерінің жағдайын бақылау аспаптарымен анықталған ақаулықтары бар вагондармен поездың жүруіне жол бермеу.</p>				
28	<p>Ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүк (орау және бекітуді ескергенде) тиеу габариті шегінде орналасу.</p>				
29	<p>Жүк жөнелтушілер жүктерді, сондай-ақ қауіпті жүктерді ыдыста және орамда тасымалдауға ұсыну. Қауіпті жүктерді бүлінген немесе тығындары ашық (жапқыш, люктер) ыдыста тасымалдауға жол бермеу.</p>				
30	<p>Қағазды, пергаментті, тольді және басқа да тез жанғыш материалдарды қолданумен оралған қауіпті жүктерді ашық жылжымалы құраммен тасымалдауға жол бермеу. Мұндай материалдарды механикалық бүлінуден және атмосфералық жауын-шашыннан қорғау ретінде қолдану қажеттілігі болған жағдайда, жүк көп қабатты фанерадан немесе бір-бірімен тығыз жанасқан сүрленген ағаштардан жасалған тығыз жәшіктерге салынуын қамтамасыз ету.</p>				

31	Бақылау рамасымен келе жатқан жүкті тиісті біліктілігі бар жол қашықтығының тәжірибелі жұмыскері еріп жүру.				
32	Бұрын қауіпті жүктер тасымалданған көлік құралдарымен тағам өнімдерін тасымалдауға жол бермеу.				
33	Тағам өнімдерін тағамдық емес өнімдермен бірге тасымалдауға жол бермеу. Бір вагонда, контейнерде тағам өнімдерінің әрбір түрлерін бірге тасымалдау, оларды тасымалдауға бірдей шарттары мен қызмет көрсету әдісі бар теміржол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісім бойынша азық-түліктердің иісін бөлмейтін және қабылдамайтын тағамдарға ғана қатысты жол беру.				
34	Ашық жылжымалы құрамда жүктерді орналастыру және бекіту тасымалдау кезінде жүктердің жылжып кетуін және б ұ л і н у і н б о л д ы р м а у .				
35	Вагондарда жүктерді орналастыру шарттарының болуы: бекіту деректемелерін есепке алғандағы жүктің массасы вагонның трафареттік жүк көтергіштігінен аспауына жол бермеу. Жүк ауырлығының жалпы ортасынан вагонның көлденең және тік осьтеріне қатысты ауытқуы, сондай-ақ вагон шанағының элементтеріне жүктемесі рұқсат етілген мәндерден аспауына жол бермеу.				
36	Сыртқы орамы қағаздан, пергаминнен және басқа да оңай жанғыш материалдардан болатын жүктерді ашық жылжымалы құрамда тасымалдауға жол бермеу.				
37	Қауіптілігі жоғары аймақтарда жол бермеу: ілме басқыштар мен өту алаңдарында және теміржол көлігінің баспалдақтары мен басқа да сыртқы бөліктерінде т ұ р у ғ а ; жүріп келе жатқан поезд вагондарының есіктерін ашуға; қала маңына қатынайтын поездардың автоматтық есіктерінің ашылып-жабылуына бөгет жасауға.				
38	1-класты (жарылғыш материалдар) қауіпті жүктері бар және габаритті емес жүктері бар поезд станциясының техникалық-өкімдік актісінде көрсетілген жолдарда қабылдануын қамтамасыз ету.				
39	Тасымалдау құжаттарында "Дөңестен жіберілмесін" штемпелі бар жарылғыш материалдары (жарылғыш материалдармен) бар вагондар, сығымдалған газдары бар цистерналар мен сығымдалған газдың бос цистерналары сұрыптау жолдарына қойылғаннан кейін дөңес, жартылай дөңес немесе тартымдық жол жағынан дереу қоршалатын вагондар мен сұрыптау құрылғысынан бірінші орналасқан тежегіш табандыққа дейінгі ара-қашықтық 50 метрден кем				

	болмайтындай бір бірінен 25 метрден кейін екі рельске де төселетін екі күзеттік тежегіш табандықпен қоршау. Осы жолдарға жіберілетін кейінгі ағытпалар кемінде 10 вагоннан тұратын топ жинақталғанға дейін күзеттік тежегіш табандықтар орналасқан жердің алдына тоқтау.				
40	Ұстаушы тұйықтарды кез-келген жылжымалы құрамның, ал сақтандырушы тұйықтарды - адамдары бар жолаушылар және жүк поездарының, қауіпті жүктері бар жүк поездарының иеленуіне жол бермеу.				
41	Жарылғыш материалдар бар вагондар, сұрыптау парктерінің жолдарында жинақталуда тұрған вагондардан басқалары, поездардан тысқары станцияның техникалық-өкімдік актісінде көрсетілген, олардың тұруы неғұрлым қауіпсіз ерекше жолдарда орналастыру. Мұндай вагондар тіркелген, жүріп кетуден сенімді бекітілген және тоқтаудың алып жүретін сигналдарымен қоршалуын қамтамасыз ету. Мұндай вагондардың тұру жолдарына апаратын бағыттамалар бұл жолдарға бару мүмкіндігін болдырмайтын жағдайға орнату және құлыптау. Бұл бағыттамаларды құлыптау және кілттерін сақтау тәртібі станцияның техникалық-өкімдік актісінде көрсету.				
42	Егер осындай вагондардың жүретіні туралы ерекше нұсқаулар берілмесе, габаритті емес жүктері бар платформалар, транспортерлер және ашық вагондарды тіркеуге және жол жүруге жіберуге жол берілмеу.				
43	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.				
44	Поездар қозғалысымен байланысты қызметкер теміржолдар бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік қағидалары және олармен авариялық жағдайларды жою тәртібін білу және нақты орындау. Жарылғыш материалдар бар поезға қатер төндіруші қауіптер (букстердің жануы, осьтің сынуы, жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуі, вагонның немесе жүктің жануы) жағдайында локомотив және кондуктор бригадалары, жүктерді күзету мен ілесуді жүзеге асырушы тұлғалар, станциялар бойынша кезекшілер, сондай-ақ поездарды қабылдаумен, жөнелтумен, өткізумен және қызмет көрсетумен байланысты басқа қызметкерлер оны тоқтатуға және қауіпті жоюға қатысты олардың қолындағы барлық шараларды қабылдау. Жылжымалы құрамның және оның жүріс бөліктерінің жағдайын бақылау аспаптарымен анықталған ақаулықтары бар вагондармен поездың жүруіне жол бермеу.				

45	Тасымалдаушымен тасымалдау шарты бойынша жолаушыны, багажды және жүкбагажды баратын жеріне жеткізуді, жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес поезда орын беруді қамтамасыз ету. Жол жүру құжатымен (билетпен) жолаушыны тасымалдау, багаж квитанциясымен багажды тасымалдау, ал жүк-багаж квитанциясымен жүк-багажды тасымалдау шартын р ә с і м д е у .				
46	Тасымалдаушы жолаушы көрсеткен межелі станцияға дейін жол жүру құжатының (билеттің) сатылуын қ а м т а м а с ы з е т у .				
47	Тасымалдаушымен жол жүру құжаттарының (билеттерінің) нысаны, оларды сату тәртібі мен қолданылу мерзімдері тасымалдау қағидаларымен қамтамасыз ету.				
48	Темір жолдарға кіретін жылжымалы құрам, АЖҚ, тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына с ә й к е с т і г і .				
49	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде мынадай анық айыру белгілері мен жазбалары болуы: 1) теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауы; 2) нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген дайындаушы зауыттың та қ т а й ш а с ы ; 3) құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен қа б ы л д а у та ң б а л а р ы ; 4) белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жері ( ло ко мо т и в т е р д е н б а с қ а ); 5) ыдыстың салмағы (локомотивтерден басқа). Мынадай жазбалардың жазылуы: 6) локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және АЖҚ – конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы тақтайшалар мен жазбалар; 7) жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда – о р ы н д а р с а н ы ; 8) жүк, почта, багаж вагондарында – жүк көтергіштігі.				
50	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортын жүргізу.				
	Қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақаулары бар жылжымалы құрамды, оның ішінде АЖҚ пайдалануға				



51	және поездарда жүруге жіберілуіне жол бермеу.				
52	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден өтуін қамтамасыз ету.				
53	Теміржол жылжымалы құрамының иелері және оны күтетін теміржол көлігі қызметкерлері дұрыс техникалық жай-күйін, оған техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және теміржол жылжымалы құрамының белгіленген қызмет көрсету уақытын сақтауды қамтамасыз ету.				
54	Тартқыш жылжымалы құрам, сондай-ақ жолаушылар вагондары, АЖҚ жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық түрде қарап тексеуді жүргізу.				
55	Локомотивтік, сондай-ақ жолаушылар, моторвагонды және АЖҚ орнатылған қауіпсіздік және поезддық радиобайланыс құрылғылары осы құрылғылардың жұмысын реттеу арқылы бақылау пунктінде кезең-кезеңмен қарап тексерілуін, сондай-ақ инфрақұрылымның және теміржол жылжымалы құрамның иеленушілері белгілеуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
56	Пайдаланылатын теміржол жылжымалы құрамының құрылғысына пайдалану сипаттамаларына әсерін тигізетін өзгерістер енгізуге, пайдалану құжаттамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру.				
57	Электр жылытуы бар жолаушылар поездарына қосылатын вагондар электр жылытуды автоматты басқару жүйесімен ж а б д ы қ т а у .				
58	Поездарға электрпневматикалық тежегішінің, электр жабдықтарының, өрт сөндіру сигнализациясының, тасымалдау жағдайларын бұзатын ауаны баптау, желдету, жылыту жүйесінің ақаулықтары және жолаушыларды, жолаушылар вагондарын, сондай-ақ жолаушылар поезы бастығының (механик-бригадирінің) локомотив машинисімен радиобайланысы жұмыс істемейтін радиокупесі (штабтық) бар жолаушылар вагондарын қосуға ж о л б е р м е у .				
59	Жүк тиеуге және адамдарды отырғызуға техникалық қызмет көрсетуге ұсынылмаған вагондарды беруге жол бермеу. Оларды жарамды деп тану туралы жазба ВУ-14 жүк паркінің жылжымалы құрамдарын техникалық қызмет көрсетуге ұсыну журналында жазу.				
	Техникалық қызмет көрсету кезінде мыналарды тексеруді ж ү з е г е а с ы р у :				

60	<p>1) жабдықтардың, тораптардың және бөлшектердің жай-күйі және тозуы және олардың белгіленген мөлшерлерге сәйкестігін;</p> <p>2) қауіпсіздік және радиобайланыс құрылғыларының, тежегіш жабдықтарының және автотіркегіш құрылғыларының бақылау, өлшеу, және сигнал беру құрылғыларының, электр тізбектері жұмысының д ұ р ы с т ы ғы н ;</p> <p>3) қозғалғыш бөлігінің жай-күйі және жарамдылығы. Арбашаның екі жағындағы сырғақтар арасындағы қосынды саңылау барлық үлгідегі төрт осьті жүк вагондарында, ЦНИИ үлгісіндегі хоппер-дозаторларды қоса алғанда, 20 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 4 миллиметр, саңылауы 12 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 6 миллиметр болатын көмірді, ыстық агломератты, апатиттерді тасымалдауға арналған хопперлерден және ЦНИИ-2, ЦНИИ-3 үлгісіндегі хоппер дозаторларынан, ВС-50 үлгісіндегі думпкарларынан басқа, ал ВС-80, ВС-82, ВС-85 үлгісіндегі думпкарларында 20 миллиметрден артық болмайтын және кем дегенде 12 миллиметр б о л у ы н ;</p> <p>4) өту алаңдарының, арнайы баспалдақтардың және тұтқалардың жарамдылығын;</p> <p>5) жылжымалы құрам бөлшектері мен жабдықтарының жолға түсіп қалуынан сақтандыратын құрылғылардың болуы және олардың жарамдылығын.</p>				
61	<p>Жолаушылар поездарының құрамдарын қалыптастыру станцияларының және құрамдардың айналым станцияларының қызметкерлері жолаушылар вагондарының поездың құрамында қалыптастыру және айналым пунктінен поезды таратудың (тағайындалу) соңғы пунктіне дейін қауіпсіз жүріп өтуін қамтамасыз ету.</p>				
62	<p>Жолаушылар вагондарындағы электр қорғау құрылғылары, өрт сөндіру құралдары, өрт сигнализациясы және автоматика кезеңдік сынақтан өткізу.</p>				
	<p>Жылжымалы құрам, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам автоматты тежегіштермен, ал жолаушылар вагондары, моторвагонды жылжымалы құрам және жолаушылар поездарын жүргізуге арналған локомотивтер электрпневматикалық тежегіштермен жабдықтау, автоматты тежегіштер вагондардың тиелуіне, құрамның ұзындығына және жол профиліне байланысты тежеудің түрлі режимдерін қолдану мүмкіндігін қ а м т а м а с ы з е т у .</p> <p>Жылжымалы құрамның, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамның автоматты және электрпневматикалық тежегіштер, әр түрлі пайдаланған жағдайда басқару және жұмысына сенімді болуы, жатық тежеуді қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, сондай-ақ ауа құбыржолының магистралі ажыраған немесе үзілген кезде</p>				

63	<p>және тоқтату кранын (шұғыл тежеу кранын) ашқан кезде п о е з д ы т о қ т а т у .</p> <p>Жылжымалы құрамның, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамның автоматты және электрпневматикалық тежегіштері есептік деректер бойынша айқындалған тежеу жолынан артық болмайтын қашықтықта шұғыл тежеген кезде поездың тоқтауына кепілдік беретін тежегіштің басылуын қамтамасыз ету. Шаруашылық, қала маңындағы поездардың құрамына адамдарды тасымалдау үшін енгізілетін жүк вагондары тоқтату кранымен жабдықтау. Жолаушылар вагондарында және моторвагонды жылжымалы құрамда тоқтату крандары тамбурларда, вагондардың ішінде орнату және пломбылау.</p>				
64	<p>Локомотивтер, жолаушылар, жүк вагондары, моторвагонды және АЖҚ қол тежегіштерімен жабдықталу. Жүк вагондарының құрылымына сәйкес өту алаңының тоқтату краны және қол тежегіші бар болу. Теміржол жылжымалы құрамындағы қолмен тежегіштер жарамды жай-күйде ұсталуы және олардың есептік тежегіш қысымын қ а м т а м а с ы з е т у .</p>				
65	<p>Жылжымалы құрам және АЖҚ теміржол жылжымалы құрам бірліктерінің өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеу құрылғысымен жабдықтау.</p>				
66	<p>Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үсті деңгейінің үстіндегі биіктігі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) локомотивтерде, жолаушылар және бос жүк вагондарында - 1080 миллиметрден артық болмайтын;</li> <li>2) локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында – кем дегенде 980 миллиметр;</li> <li>3) жүк вагондарында (жүк тиелген) - кем дегенде 950 м и л л и м е т р ;</li> <li>4) АЖҚ-та бос күйінде - 1080 миллиметрден артық болмайтын, тиелген күйінде – кем дегенде 980 миллиметр.</li> </ol>				
67	<p>Автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасында биіктігі бойынша айырмашылық белгілеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жүк поезында - 100 миллиметр;</li> <li>2) локомотив пен жүк поезының жүк тиелген бірінші вагоны арасында - 110 миллиметр;</li> <li>3) локомотив пен жолаушылар поезының бірінші вагоны арасында - 110 миллиметр;</li> <li>4) сағатына 120 километр жылдамдықпен келе жатқан жолаушылар поезында - 70 миллиметр;</li> <li>5) сондай сағатына 121-140 километр жылдамдықпен - 50 м и л л и м е т р ;</li> <li>6) локомотив пен АЖҚ-тың жылжымалы бірліктері арасында – 100 миллиметр.</li> </ol> <p>Сағатына 161 километр және одан артық жылдамдықпен келе жатқан жолаушылар поезы вагондар арасындағы</p>				

	саңылаусыз	автотіркегішпен	жабдықтау.				
68	Жолаушылар вагондарының автотіркегішінде тігінен ауыстырулардың шектегіштері болуы. Технология бойынша жолаушылар поезымен тіркеліп жұмыс істейтін АЖҚ-тың, локомотивтің автотіркегішінде тігінен ауыстырулардың шектегіші болуы.						
69	Әр доңғалақ жұбының осінде доңғалақ жұбының қалыптастырылу және толық куәландырылу уақыты мен жері туралы белгілер, сондай-ақ қалыптастыру кезінде оны қабылдау туралы таңбаларының болуы. Доңғалақ жұптары жылжымалы құрам астында қарап тексерілу мен толық куәландырудан өтуі тиіс, сондай-ақ әрбір домалатып қою кезінде тиісті журналдарда немесе паспорттарда тіркелуін қамтамасыз ету.						
70	<p>Жылжымалы құрамды, сонымен қоса АЖҚ егер оның доңғалақ жұбы осінің кез келген бөлігінде немесе оның құрсауында, дискісінде және доңғалақ күпшегінде жарығы, доңғалақ жұбының жалында сүйірленген қажағы болса, сондай-ақ жол мен жылжымалы құрамның қалыпты өзара байланысын бұзатын доңғалақ жұбының келесі тозулары мен зақымданулары кезінде, пайдалануға беруге және поездармен жүруіне жол бермеу:</p> <p>1) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейін: локомотивтердің, моторвагонды жылжымалы құрамның, жолаушы вагондарының домалау шеңбері бойынша 5 миллиметрден артық сырғанау; жолдың биіктігі 30 миллиметр болғанда жотаның шыңынан 20 миллиметр қашықтықта өлшегенде локомотивтерде жотаның қалыңдығы 33 миллиметрден артық немесе 28 миллиметрден кем, ал моторвогонды жылжымалы құрамда, жолаушылар вагондарында жалдың биіктігі 28 миллиметр - жотаның шыңынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде;</p> <p>2) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километр дейін: Жүріп өту шеңбері бойынша локомотивтерде, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамда және алыс сапардағы қатынастағы поездардың жолаушы вагондарында - 7 миллиметрден астам, моторвагондық және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда, жергілікті және қала маңы қатынасы поездарының жолаушы вагондарында - 8 миллиметрден астам, рефрижераторлық парк вагондарында және жүк вагондарында - 9 миллиметрден астам болғанда; жотаның биіктігі 30 миллиметр кезінде жотаның басынан 20 миллиметр қашықтықта өлшеген кезде локомотивтерде, ал жотаның биіктігі 28 мм жылжымалы құрамда - жотаның басынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде жалдың қалыңдығы 33 миллиметрден астам немесе 25 миллиметрден кем болса;</p> <p>3) арнайы шаблонмен өлшенетін жотаның тігінен</p>						

	<p>қиылысуының биіктігі 18 миллиметрден астам болғанда; 4) локомотивтерде, моторвагонды және АЖҚ, сондай-ақ роликтік букс мойынтіректері және кассеталық үлгідегі мойынтіректері бар вагондарда тереңдігі 1 миллиметрден астам, ал тендерлерде 2 миллиметрден астам сырғанау сырғақ (ойық) бетінде болғанда.</p>			
71	<p>"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондарының доңғалақтары жасаушы зауыттың технологиялық нұсқаулығының талаптарын және төмендегі қосымша талаптарды қанағаттандыруы: 1) доңғалақтардың ішкі қырларының арасындағы қашықтық 1440 миллиметр болуы тиіс, "Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған, жылдамдығы сағатына 160 километрге дейінгі поездарда айналадағы ауытқулары ұлғаюы жағына 3-миллиметрден және азаю жағына да 1 миллиметрден аспауын; 2) жотаның қалыңдығы 28 миллиметрден кем болмауы, доңғалақ құрсамасының қалыңдығы – кем дегенде 40 миллиметр, домалау шеңбері бойынша сырғанауы 3 миллиметрден артық болмауын; 3) сырғанау шеңбері бойынша доңғалақтар диаметрлерінің айырмашылығы доңғалақ жұбын шығарып қайрау кезінде – 0,5 миллиметрден артық болмайды, шығарусыз – 1 миллиметрден артық болмауын; 4) шектес вагондар арбашаларының арасындағы доңғалақ диаметрлерінің айырмашылығы – 5 миллиметрден артық болмауын; 5) сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 миллиметрге дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда, қозғалыс жылдамдығы сағатына 140 километрден артық болмауын; 6) сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 миллиметрден 1 миллиметрге дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда, қозғалыс жылдамдығы сағатына 120 километрден артық болмауын; 7) тереңдігі 1 миллиметрден артық сырғақты байқаған жағдайда Теміржол көлігіндегі техникалық пайдалану қағидалары талаптарын басшылыққа алуын.</p>			
72	<p>Жылжымалы құрамның жолаушылар вагондарында жолаушылар мен қызмет көрсету персоналының мүмкін болатын қозғалуы аймағында (бас, аяқ, дене деңгейінде) оларды жаракаттауы мүмкін болатын конструкция мен жабдық элементтерінің болмауы.</p>			
73	<p>Жолаушылар вагондарында, дизель поездары және электр поездары вагондарында жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтімдерін темір жол көлігімен тасымалдау кезінде өту орындарын, тамбурлар мен шығу орындарын заттармен қамалауға жол бермеу.</p>			
	<p>Жолаушылардың пайдалануына арналған кез келген құрылғы жолаушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне</p>			

74	залал келтірмей, осы құрылғының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету.					
75	Жолаушылар вагондарында, мотор-вагонды жылжымалы құрамда және локомотивтерде жарықтандырудың жеткілікті қарқындылығын және оның ұзақтығын техникалық құжаттамаға сәйкес қамтамасыз ететін авариялық жарықтандыру жүйесі көзделуінің болуы. Жолаушылар мен қызмет көрсететін персоналды вагондардан авариялық эвакуациялау жолдары мен құралдарының көзделуі.					
76	Жолаушылар поезының вагондарында жолаушылардың химиялық улануы және багажды, жүк-багажды және пошта женелтімдерін тасымалдаудың қауіпсіз жағдайларына қатер төндіруі мүмкін нәрселерді, заттарды немесе басқа да материалдар мен бұйымдарды (жеңіл тұтанғыш сұйықтықтар, газдар, жарылғыш және улы заттар) тасуға жол бермеу.					
77	Жолаушылар поездарының вагондарында олардың жүру жолында мыналарға жол бермеу: - тоқтың вагон корпусына жылыстауы бар вагонды пайдалануға; - ақаулы электр жабдығын, жарықтандыру желісін, қыздыру аспаптарын пайдалану, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған электр жабдығын қараусыз қалдыруға; - жанып кеткен электр шамдарын қуаттылығы дайындаушы зауытта және схемада белгіленген қуаттылықтан жоғары басқа шамдармен ауыстыруға; - осы тізбек үшін белгіленген номиналға сәйкес келмейтін сақтандырғыштарды орнатуға; - аккумуляторлық батареяларды вагон жасаушы зауыттың үйлестірілген стандарттарында немесе нұсқаулығында белгіленбеген тәсілмен зарядтауға; - вагон дайындаушы зауыттың схемасы мен нұсқаулығында көзделмеген қыздыру аспаптары мен басқа да электр аспаптарын қосуға; - электр аппаратурасы бар қуыстарда бөгде заттарды сақтау, жанғыш материалдарды жылыту аспаптарына, электр жарықтандырғыштарына жақын сақтауға; - жүру жолында вагондардағы тұрақтандырғыштардың қаптамаларын ашу және жөндеу мен ретке келтіруді жүргізуге; - бұл ретте өлшеу құралдарын (вольтметрдегі, амперметрдегі көрсеткіштерді) тиісті бақылаусыз вагонның ток тұтынғыштарын қосуға; - желдетудің жұмыс істемеуі кезінде электр калориферлерді қосу және олардың дистанциялық термометрдің көрсеткіші бойынша 28 <sup>0</sup> С жоғары жол берілетін температурадан астам қызуына жол беруге; - тоғы жоқ розеткалармен және сақтау қораптарымен сақтандырылмаған вагон аралық электр қосылыстарын (					

	штепсельдерді, бастиектерді және басқаларды) пайдалануға ; - жарамсыз аккумуляторлық батареяларды пайдалануға ( қысқа түйіскен элементтері, икемді түйіспенің немесе сымның 20% артық үзілуі болған кезде, сақтандырғыштардың қақпақсыз немесе ашық қораптары, электролиттің тығыздығы мен деңгейі сәйкес келмейтін бұзылған немесе электролит құйылып кеткен тыстары).				
78	Адамдарды, жануарларды, қауіпті және аса қауіпті жүктерді санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтамай тасымалдауға жол бермеу.				
79	Кірме есіктер жолаушылар мен қызмет көрсетуші персонал қауіпсіздігіне кепіл беретін ашу/жабу жүйесімен ( құрылғыларымен) және бақылау жүйесімен жабдықталуын қ а м т а м а с ы з е т у .				
80	Жолаушылар вагондары: ауа желдету жүйесімен, поездішілік телефон байланысымен, букстық қызу бақылау жүйесімен, поезддық радио байланыс қондырғысымен жабдықтау. Жүрдек жолаушылар вагондары қосымша орталықтандыру электр жабдықтаумен жабдықтау. Жүрдек мотор вагонды жылжымалы құрам ауа желдету жүйесімен, поездішілік телефон байланысымен, букстық қызу бақылау жүйесімен жабдықтау.				
81	Жолаушылар поездарына жол жүру құжаттарын ( билеттерін) ресімдеу жолаушылар тасымалдарын автоматтандырылған басқару жүйесінде (бұдан әрі – АБЖ) және жол жүру құжатын (билетін) сатып алуға ниет білдірушінің жеке басын куәландыратын құжат (қала маңы тасымалдарын қоспағанда) ұсынылған кезде қол технологиясы бойынша (қала маңындағы тасымалдар үшін билеттерді басып шығаратын машиналар арқылы жүзеге асырылады) не жолаушының талап еткен жеріне жеткізу арқылы жүргізуді жүзеге асыру. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату билет кассаларында, оның ішінде жолаушылар агенттіктерінің билет кассаларында және (немесе) электрондық терминалдар мен интернет ресурстары арқылы жүргізуді ж ү з е г е а с ы р у . Отыруға арналған орындары бар вагондардан құрастырылған поездарда, сондай-ақ жолаушылар поездарының жалпы вагондарында, билет кассалары жоқ станцияларда жол жүру құжаттарын жолсеріктердің с а т у ы н а ж о л б е р у .				
	Тасымалдаушылар жол жүру құжаттарын (билеттерді) өздері жасақтаған поездарға сатуды ұйымдастыруды жүзеге асыру. Басқа тасымалдаушылардың жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыруына жасалған шарттардың негізінде жол беру.				

82	<p>Вокзалдарда (станцияларда) билет кассаларының жұмыс уақытын жергілікті жағдайлар мен поездар қозғалысының кестесін негізге ала отырып, Тасымалдаушының уәкілетті тұлғасы белгілейді.</p> <p>емір жол вокзалдары ғимараттарынан тыс жерлерде орналасқан билет кассаларының жұмыс уақытын жергілікті жағдайларды негізге ала отырып, жолаушылар агенттігі белгілейді.</p> <p>Билет кассалары тәулігіне 50 және одан да көп жол жүру құжаттары (билеттер) сатылатын барлық станциялар мен аялдау пункттерінде ашылуын қамтамасыз ету. Тәулігіне 50 жол жүру құжатынан (билеттен) аз сатылатын станциялар мен аялдау пункттерінде жол жүру құжаттарының (билеттердің) сатылуын ұйымдастыру туралы шешімді Тасымалдаушы жергілікті жағдайларды ескере отырып қабылдау.</p>				
83	<p>Жол жүру құжаттарын алдын ала сату 45 тәуліктен бастап поезддың аттануына 1 тәулік қалғанға дейінгі мерзімде жүзеге асыру.</p> <p>Кететін поездға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды аяқтау уақыты станция (вокзал) жұмысының технологиялық процестеріне байланысты белгілеу. Көрсетілген ақпарат жолаушыларға хабардар ету.</p>				
84	<p>Жол жүру құжатын (билет) ресімдеу жолаушының жеке басын куәландыратын құжат (паспорт, әскери билет, жеке куәлік, босатылғаны туралы анықтама, уақытша жеке куәлік, босқын куәлігі 16 жасқа дейінгі балалар үшін туу туралы куәлік), ал жеңілдікпен немесе тегін жол жүру құжатын (билетті) ресімдеу үшін жеңілдік құқығын беретін құжаттар болған кезде жүргізуді жүзеге асыру.</p> <p>Отыруға арналған орындары бар вагоннан құрастырылған поездарға жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсету талап етпеу.</p> <p>Жол жүру құжаты (билеті) қолма-қол немесе ақшасыз есеп айырысу арқылы беру.</p> <p>Жол жүру құжаттары (билеттер) тікелей қатынайтын қатынастарда жүру үшін ғана ресімдеу.</p>				
	<p>Жол жүру құжаттарын (билеттерді) АБЖ арқылы ресімдеу кезінде мәліметтер осы жүйенің терминалына қосылған билетбасқыш құрылғымен басып шығарылады. Жеңілдікпен және тегін жол жүруді АБЖ арқылы ресімдеу кезінде поезддың санаты жоғарлағаны үшін алынатын қосымша ақы туралы мәлімет жол жүру құжатының (билеттің) сол бланкісіне басылады.</p> <p>Жол жүру құжаттарында (билеттерінде) түзетулер жасауға болмайды. АБЖ арқылы ресімделетін жол жүру құжаттарында (билеттерде) егер жол жүру барысында поезддың нөмірі өзгертін болса, аралық станциялардағы билет кассиріне өз қолымен тек поезддың нөмірін түзетуге</p>				



85	<p>р ұ қ с а т е т і л е д і .</p> <p>Жолаушыға бір купенің барлық орындарына арналған жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда жолаушы сатып алынған купедегі орындардың жалпы саны бойынша жол жүру құнын толық тарифпен төлейді. Бұл ретте жол жүру құжатында (билетте) көрсетілмеген адамдардың жүруіне жол берілмейді. Бір адамның атына бір поезға төрт орыннан артық орынға жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеуге жол бермеу. Жол жүру құжатының (билеттің) бір бланкісінде (ұйымдасқан жолаушылар тобынан және арнайы тасымалдардан басқа) бір адамның жол жүруі ресімдеу.</p>				
86	<p>Жол жүру құжаттарын (билеттерді) диспетчерлік терминал арқылы автоматтандырылмаған тәсілдермен ресімдеу шарикті (көк, қара немесе күлгін сиялармен) қаламды пайдалана отырып анық, сөздер қысқартылмай жүргізу. Дайын мәтіні бар мөрқалыптарды қолдануға жол беру. Жол жүру құжатының (билеттің) екі жағындағы (бланк және түбіртек) тиісті бағандар толтырылған соң жол жүру құнына, вагонның үлгісіне, поездың санатына және (топтық жол жүру құжатында (билетте) жолаушылардың санына сәйкес бланктің бақылау талоны қиылып алынуын ж ү з е г е а с ы р у .</p> <p>Жолаушыға берілетін, қол технологиясы арқылы ресімделген жол жүру құжатына (билетке) анық айыру деректері: поездың нөмірі, күні, айы, жылы бар маститті немесе инелі компостерлік белгілер қою. Жыл қажеттілікке байланысты тек бір цифрмен ғана көрсету. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) инелі компостерлеу түбіртектерімен бірге олардың көлбеу сызықтың бойымен бірінші бөлігін қамти отырып, екі бүктелген жеріне жүргізіледі, ал түбіртек жол жүру құжаты (билеті) бланкісінің ішіне салуды жүргізу. Маститті компостер бланкіге және жол жүру құжатының (билеттің) түбіртегіне қою.</p>				
87	<p>Жол жүру құжаттарын (билеттерін) қайта сатуға жол б е р м е у .</p>				
88	<p>Уәкілетті адам (вокзал қызметкері) жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін келесі жағдайларда ұзарту (жол жүру құжатына мерзімін ұзарту туралы белгі қою а р қ ы л ы ) :</p> <p>1) жолаушыға орын ұсынылатын келесі поездың аттануына дейінгі уақытқа поездан жолаушыға орын берілмегенде (отыруға арналған орындары бар вагондардан жасақталған п о е з д а р д а н б а с қ а ) ;</p> <p>2) ауысып отыру пунктінде транзитпен келе жатқан жолаушы оған жол жүруді ұзарту мүмкіндігі берілгенге дейін барлық кешігу уақытына келісілген поездар кешіккен ж а ғ д а й д а ;</p> <p>3) жолаушы жолда аялдағанда барлығы 10 тәуліктен</p>				

	<p>аспайтын мерзімге. Жол жүру құжатының (билеттің) әрекет ету мерзімін ұзартуға басқа жағдайларда жол берілмейді.</p>			
89	<p>Жолаушы жолаушылар поезына отырған кезде тиісті түрде ресімделген жол жүру құжатын (билетін) және жеке басын куәландыратын құжатты көрсету. Вагонның жолсерігі жолаушыны вагонға отырғызу кезінде жол жүру құжатын (билетін) және деректемелері (аты-жөні) жол жүру құжатында көрсетілген оның жеке басын куәландыратын құжатты тексеруді қамтамасыз ету. Отыруға арналған орындары бар вагондардан жасақталған поездарға отыру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсету талап етілмейді. Поезға жолаушыларды отырғызу кезінде вагонның жолсерігі қол жүгінің белгіленген нормадағы салмаққа сәйкестігін тексеру. Вагонның жолсерігі жолаушыларды вагонға отырғызу кезінде олардың жол жүру құжаттарын (билеттерін) шығарып салушыларда ұмытып кетпеулерін ескерту, сондай-ақ жол жүру барысында билетсіз жолаушылардың жүруін және белгіленген нормадан (мөлшерден) тыс қол жүгінің тасымалдануын болдырмауға шаралар қолдану.</p>			
90	<p>Жолаушының тегі мен ұсынылған жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген тегі сәйкес келмеген, жол жүру құжатында (билетте) тегі өзгертілген (түзетілген) жағдайда жолаушының поездға отыруына жол бермеу. Осындай жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша ақша қайтармау.</p>			
91	<p>Жолаушылар поезының вагонында жол жүру кезінде мыналарға жол бермеу: 1) жол жүру құжатынсыз (билетсіз) жүруге; 2) вагондардың ілме басқыштарымен, вагон төбесінде және вагон астында жүруге, поезд жүріп келе жатқанда отырғызып, түсіруге; 3) вагонды немесе басқа жолаушылардың заттарын бүлдіретін немесе ластайтын қол жүгін, сондай-ақ сасық, өртқауіпті, улы, тез тұтанғыш, жарылғыш және басқа да қауіпті заттарды тасымалдауға; 4) қажеттіліксіз поезды тоқтату кранымен тоқтатуға; 5) тамбурлар мен өтпелі алаңдарда жүруге; 6) белгіленбеген орындарда темекі шегуге; 7) вагондардың терезелерінен және есіктерінен қоқыстар мен басқа да заттарды лақтыруға тыйым салынады.</p>			
92	<p>Вагонды немесе басқа жолаушылардың заттарын бүлдіретін немесе былғайтын, сондай-ақ зарядталған қаруды, сасық, өртқауіпті, улы, оңай тұтанатын, жарылғыш және басқа да қауіпті заттар (мемлекеттік маңызы бар жағдайды есепке алмағанда) сияқты қол жүгін тасымалдауға жол бермеу.</p>			

93	<p>Поезға бақылау жасау кезінде жол жүру құжатынсыз (билетсіз) немесе тегі тұлғаны куәландыратын құжатқа сай келмейтін немесе өзгертілген жол жүру құжатымен (билетімен), сондай-ақ пайдалануға құқық беретін тиісті құжаттарсыз жеңілдігі бар жол жүру құжатымен анықталған жолаушы билетсіз жолаушы болып санау. Билетсіз жолаушы билет кассасы бар бірінші тарифтік станцияда түсіріледі, ол туралы жалпы нысандағы акті ж а с а у .</p>				
94	<p>Жолаушы поездарында төленбеген багаж анықталған жағдайда белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге жүктелген тасымалдаушының қызметкерлері төленбеген багажды алып жүру актісін (3-данада) жасау және ЛУ-9В түбіртегі бойынша айыппұл (тасымалдау төлемі) өндіріп а л у .</p>				
95	<p>БАЖ жабдығын орнатқаннан және оның жұмысқа қабілеттігін тексергеннен кейін құрамында пайдаланушының және Ұлттық теміржол компаниясының өкілдері бар комиссия жаңа сату пунктінің үй-жайы мен жабдығын терминалдық жабдықты орнату үшін үй-жайға қойылатын талаптарға, БАЖ терминалдық жабдығына, оны қолдану мен пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру, терминалдық жабдықты БАЖ-ға қосу (жаңғырту, алмастыру, орнын ауыстыру) туралы актіні 4 данада жасайды және оған қол қою. Актіні түзетуге жол б е р м е у .</p>				
96	<p>Ұлттық теміржол компаниясы БАЖ-ға рұқсат берілген барлық кезең ішінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу технологиясының сақталуын, билет кассаларының жұмысын жылына кемінде бір рет мониторингтеуді жүзеге а с ы р у .</p>				
	<p>Жолаушылар вагонының, оның ішінде жайлылық деңгейі бойынша санатын сақтау:</p> <p>1) отыруға арналған қатты орындары бар жалпы вагон – вагон ортақ электр жарығымен, ауа желдеткіш жүйесімен, ортақ радионүктемен, дәретханалармен (дәретхана қағазымен және сабынмен), ыстық және суық ауыз су резервуарымен, терезе перделерімен, шай әбзелдерімен, ыдыс-аяқтармен және медициналық дәрі қобдишаларымен ж а б д ы қ т а л у ы н .</p> <p>2) жатуға арналған қатты орындары бар плацкарт вагоны – вагон ортақ және жергілікті электр жарығымен, ауа желдеткіш жүйесімен, ортақ радионүктемен, дәретханалармен (дәретхана қағазымен және сабынмен), ыстық және суық ауыз су резервуарымен, терезе перделерімен, шай әбзелдерімен және ыдыс-аяқтармен, төсек-орын жабдықтары жиынтығымен (жастық, көрпе, тысты матрас), төсек-орын жабдықтарымен (2 жайма, 1 жастықтыс, 1 сүлгі) және медициналық дәрі</p>				

қобдишаларымен жабдықталуын.

3) ұйымдасқан балалар ұжымдарын тасымалдауға арналған жолаушылар вагондары жоғарғы сөрелерге арналған қауіпсіздік белбеулерімен қамтамасыз етілуін. Вагонның осы үлгісіне "Турист" класының вагондары жатқызылған – олар жатуға арналған жатын орындары бар 4 орынды купеден тұратын 20 орынды вагондар, төменгі орындар отыруға арналған төрт орындық болып өзгертіледі , әр купеде қолжуғыш болуын.

4) жатуға арналған қатты орындары бар 4 орынды купеден тұратын вагон – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдеткіш және ауа баптау жүйесімен, дәретханалармен (дәретхана қағазымен және сабынмен), ыстық және суық ауыз су резервуарымен, жеке радионүктемен, дәліздері мен купелері перделермен, күнперделермен, кілемшелермен, кілем төсеніштермен, шай әбзелдерімен және ыдыс-аяқтармен, төсек-орын жабдықтары жиынтығымен, олар: 2 жайма, 1 жастықтыс, 1 вафельді не түкті сүлгі, жастық, көрпе, тысты матрас және әр жатын орын үшін бір-бірден сыртқы киімдерге арналған ілгіш-киімлігіштермен жабдықталуын.

5) жатуға арналған орындары бар төменгі жағында жұмсақ дивандар орналасқан 2 орынды купеден тұратын вагон – вагон (бұдан әрі – СВ) және отыруға арналған жұмсақ креслолары бар 4 орынды купеден тұратын вагон – ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету және ауа баптау жүйесімен, бейне және телеаппаратуралармен, дәретханалармен (дәретхана қағазымен және сабынмен), ыстық және суық ауыз су резервуарымен, жеке радионүктемен, дәліздері мен купелері перделермен және күнперделермен, кілемшемен және кілем төсеніштерімен, шай әбзелдерімен және ыдыс-аяқтармен, төсек-орын жабдықтары жиынтығымен, олар: 2 жайма, 1 жастықтыс, 1 вафельді не түкті сүлгі, жастық, көрпе, тысты матрас және әр жатын орын үшін бір-бірден сыртқы киімдерге арналған ілгіш-киімлігіштермен жабдықталуын.

6) ярус тәрізді орналасқан жұмсақ дивандары, бірнеше күйге келтіретін құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ кресолары бар 2 орынды РИЦ габаритті вагоны – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету және ауа баптау жүйесімен, дәретханалармен (дәретхана қағазымен және сабынмен), ыстық және суық ауыз су резервуарымен, дербес радионүктемен, купесі бейне және теле-аппаратурамен, жолсерікті шақыру түймесімен, дәліздері мен купесі перделермен және күнперделермен, кілемшемен және кілем төсеніштермен, шай әбзелдерімен және ыдыс-аяқтармен, жиналмалы мүлік пен мүкәммал жиынтығынан түсі мен суреті бойынша еш айырмашылығы жоқ төсек-орын жабдықтарының кешенімен (2 жастық, көрпе, матрац тысымен), төсек-орын жабдықтарымен (2 жайма, 2 жастықтыс, 1 вафельді, 1 зығыр не түкті сүлгі) және әр жатын орын үшін екі-екіден сыртқы киімдерге арналған ілгіш-киімлігіштермен жабдықталуын.

7) ярус тәрізді орналасқан жұмсақ дивандары бар жатуға

арналған орындары бар 3 орынды РИЦ габаритті вагоны – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету мен ауа баптау жүйесімен, әр купесі жолаушылардың жуынуы үшін қолжұғыштармен, биодәретханалармен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен жабдықталуын.

8) сөрелері ярус тәрізді орналасқан жатуға арналған орындары бар 6 орынды купеден тұратын плацкартты вагон – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету және ауа баптау жүйесімен, биодәретханалармен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен, вагон-электр станциясынан орталық электрлі жылу жүйесімен ж а б д ы қ т а л у ы н .

9) отыруға арналған қатты орындары бар дизель және электр поезының вагоны – вагон ортақ электр жарығымен, ауа желдету жүйесімен, дәретханамен (дәретхана қағазымен және сабынмен) жабдықталуын.

10) жайлылығы жоғары 3-класты электр поезының вагоны – вагон ортақ электр жарығымен, ауа желдету жүйесімен, дәретханамен (дәретхана қағазымен және сабынмен), 6 және 2 орынды үстінде жұмсақ төсемелері бар шыны пластиктен жасалған дивандармен жабдықталуын.

11) жайлылығы жоғары 2-класты электр поезының вагоны – вагон ортақ электр жарығымен, ауа желдету жүйесімен, дәретханамен (дәретхана қағазымен және сабынмен), бірінен кейін бірі екі қатарда орналасқан 2 және 3 орынды жұмсақ креслолар блоктарымен және жалғаспалы үстелдері, жастықшалар, шынтақ төсеніштер, арқалығын реттейтін құрылғысы бар бір орындық креслолармен жабдықталуын.

12) жайлылығы жоғары 1-класты электр поезының вагоны – вагон ортақ электр жарығымен, ауа желдету жүйесімен, дәретханамен (моторлыдан басқа) (дәретхана қағазымен және сабынмен), қарама-қарсы екі қатарда орналасқан 2 орынды жұмсақ креслолар блоктарымен, жалғаспалы үстелдері, жастықшалар, шынтақ төсеніштер және арқалығын реттейтін құрылғысы бар бір орындық креслолармен ж а б д ы қ т а л у ы н .

13) ярус тәрізді орналасқан жұмсақ дивандары бар жолаушылардың жатуына арналған орындар бар 2 орынды купеден тұратын Бизнес класс вагоны – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету және баптау жүйесімен, әр купесі жолаушылардың жуынуына арналған қолжұғыштармен, биодәретханалармен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен, жолсерікті шақыру түймесімен ж а б д ы қ т а л у ы н .

14) ярус тәрізді орналасқан жұмсақ дивандары бар жолаушылардың жатуына арналған орындар бар 2 орынды купеден тұратын Гранд класының вагоны – вагон ортақ және дербес электр жарығымен, ауа желдету және баптау жүйесімен, әр купесі жолаушылардың жуынуына арналған қолжұғыштармен, биодәретханамен және душ кабиналарымен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен, жолсерікті шақыру түймесімен жабдықталуын.

98	Поездың құрамында мүгедектердің кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған көтергіш құрылғыларының болуы. Мүгедектердің кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы орындары бар вагон болуы.				
99	Вокзалда және жолаушылар поездарында жолаушыларға көрсетілетін жедел медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, міндетті қызмет тізбесін сақтау.				
100	Багажды және жүкбагажын беру, ұстау, сақтау тәртібін тасымалдаушылармен сақтау.				
101	Теміржол көлігі саласындағы жүктерді тасымалдауға лицензияның болуы.				
102	Вагондардың барлық элементтері беріктігі, орнықтылығы және техникалық жай-күйі бойынша поездардың қауіпсіз және жатық қозғалуын қамтамасыз ету.				
103	Поездарға тасымалданатын жүктердің қауіпсіздігін сақтай алмайтын жүк вагондарға қойылмауына жол бермеу.				
104	Қалыптастыру және тарату станцияларында, жол жүріп келе жатқанда – поездардың қозғалысы кестесінде көзделген станцияларда поездың әр вагоны техникалық қызмет көрсетуден өту, ал ақаулықтары анықталған кезде – жөндеу.				
105	Вагондарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялық процеске және поездардың қозғалыс кестесіне сәйкес жүргізу. Техникалық қызмет көрсету пунктерінің қызметкерлері кепілдік учаске шегінде қозғалыс қауіпсіздігі және вагондардың поезд құрамында жарамды күйде жүруін қадағалауды қамтамасыз ету. Жүк поездары үшін кепілдік учаскелері локомотивтердің айналым учаскелерінің ұзақтығын, автотежегіштерді толық байқау, вагондарға сапалы техникалық қызмет көрсету және коммерциялық қарап тексеру қажеттілігін негізге ала отырып белгілеу.				
106	Жедел резервтегі АЖҚ-ны техникалық қарап тексермей станциядан жөнелтуге жол бермеу.				
	Жүктелмеген доңғалақ жұбы доңғалақтарының ішкі қырлары арасындағы қашықтық 1440 миллиметр болуы. Жылдамдығы сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейінгі поездарда айналатын локомотивтерде және вагондарда, сондай-ақ өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда ауытқулары ұлғаю				

107	жағына қарай 3 миллиметрден артық болмайтын және кему жағына қарай 1 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға рұқсат етіледі, жылдамдығы сағатына 120 километрге дейін болғанда 3 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға жол беру.				
108	Ашық және есіктері есіктік салмаларымен жабылмаған бос жабық вагондар, сырғанау шеңбері бойынша доңғалақ жұптары битумнан тазаланбаған мұнай-битум тасымалдауға арналған вагондарды тіркеуге және жол жүруге жіберуге жол бермеу.				
109	Жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді тиеуге және түсіруге байланысты нұсқаулықтан өтпеген адамдарды жұмысқа жіберу бөлігінде өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау.				
110	Егер аралықта аялдағаннан кейін поезд әрі қарай қозғала алмаса және поезды жөнелту станциясына қайтару қажет болса машинистің өзі, бас кондуктор немесе локомотив бригадасының қызметкері арқылы бұл туралы станция бойынша кезекшіге немесе поездық диспетчерге хабарлау (жазбаша, телефон немесе радио байланыс бойынша). Мұндай хабарламаны алған соң, поездық диспетчер аралықты (аралықтың тиісті жолын) жабады және поезды жөнелту станциясына қайтару тәртібін белгілеу.				
111	Автобұғаттаумен және поезд радио байланысымен жабықталған учаскелерде жақсы көрінетін жағдайда аралықта тоқтап тұрған поездға көмек көрсету үшін мыналарды пайдалану: 1) тоқтаған поездың соңынан аралық бойынша жүретін д а р а л о к о м о т и в ; 2) тоқтаған поездың соңынан аралық бойынша жүретін жүк поезы құрамынан ағытылған локомотив; 3) жетекші локомотивті одан ағытпастан артта келе жатқан жүк поезы. Көмек көрсетудің қандай да бір тәсілі қалыптасқан жағдайды жан жақты бағалаудан кейін екі локомотивтің машинисіне берілетін поездық диспетчердің тіркелетін бұйрығы бойынша жүзеге асыру. Көмек көрсету үшін адамдарға арналған поездан және 1-класты қауіпті жүктері (жарылғыш материалдары) бар поездан локомотивті ағытуға тыйым салу. Мұндай поездарды локомотивті құрамнан ажыратпай көмек көрсету үшін де пайдалануға болмайды.				
Локомотивтік тартқыш операторына қатысты					
1	Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркеуінің болуы.				

2	Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) берілуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
3	Тасымалдау процесіне қатысушылар мен жылжымалы теміржол құрамының иелері уәкілетті органға жылжымалы теміржол құрамына, сондай-ақ магистральдық, станциялық және кірме жолдарға жүргізілген жоспарлы жөндеу туралы а қ п а р а т б е р у .				
4	Теміржол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесіне және оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кадрларды жасақтау мен орналастыруды сақтау.				
5	Денсаулық сақтау саласындағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 155-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген денсаулық сақтау саласына сәйкес қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді, сондай-ақ локомотив бригадаларын және поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлердің денсаулығын ауысым алдындағы куәландыруды жүргізу.				
6	Жаңа техниканың, технологиялардың және менеджмент құралдарының енгізілуін ескере отырып, теміржол көлігінің негізгі кәсіптерінің қызметкерлерін кәсіби дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдардың іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіру.				
7	Поездар қозғалысымен байланысты қызметкерлердің қозғалыс қауіпсіздігі мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы нұсқаулықтармен қағидаларды білу мәтініне мерзімді тексерулер жүргізу.				
8	"Қозғалыс қауіпсіздігі күні" тақырыбы бойынша онкүндік сайынғы тексерулер жүргізу.				
9	Жүргізілетін жұмыс ерекшелігіне сәйкес техникалық жарамды аспаптармен және техникалық құралдармен қ а м т а м а с ы з е т у .				
	Меншік нысанына қарамастан қызметін теміржол көлігі саласында жүзеге асыратын тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтері Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде жол				



10	берілген қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарына әкелген қауіпсіздік бұзушылықтары туралы ақпаратты мемлекеттік көліктік бақылау органына және оның аумақтық бөлімшелеріне жедел тәртіппен бір тәуліктен кешіктірмей, ал поездар мен жылжымалы құрамның соқтығысуы, жолдан шығып кетуі жағдайларында оқиға болған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей ұсыну.				
11	Темір жолдарға кіретін жылжымалы құрам, АЖҚ, тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкестігі.				
12	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде мынадай анық айыру белгілері мен жазбалары болуы: 1) теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауы; 2) нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген дайындаушы зауыттың тақтайшасы; 3) құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен қабылдау таңбалары; 4) белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жері (локомотивтерден басқа); 5) ыдыстың салмағы (локомотивтерден басқа). Мынадай жазбалардың жазылуы: 6) локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және АЖҚ - конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы тақтайшалар мен жазбалар; 7) жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда – орындар саны; 8) жүк, почта, багаж вагондарында - жүк көтергіштігі.				
13	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортын жүргізу.				
14	Қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақаулары бар жылжымалы құрамды, оның ішінде АЖҚ пайдалануға және поездарда жүруге жіберілуге жол бермеу.				
15	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден өтуін қамтамасыз ету. Жыл сайынғы метрологиялық тексеруден аппаратурасы өндірушінің пайдалану құжаттарына сәйкес жоспарлы жөндеуден өтпеген: техникалық қызмет көрсету кемінде жылына 1 рет, орташа жөндеу 2 жылда кемінде 1 рет, жаңғырту 4-6 жылда кемінде бір рет болмаса, жолөлшеуіш				

	құралдармен және дефектоскопты аппаратурамен жабдықталған АЖҚ-дар қолданысқа жіберуге жол бермеу.				
16	Тасымалдау процесіне қатысушылар ұйымдарының бірінші басшыларымен алғашқы есептің толық енгізілуін және қауіпсіздікті бұзу жағдайларының дұрыс жіктелуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
17	Жылжымалы құрамның және АЖҚ техникалық жай-күйін локомотив бригадалары немесе АЖҚ бригадалары техникалық қызмет көрсету орындарында қазіргі заманғы диагностика құралдарымен жабдықталған, жүк және жолаушылар деполарында, заводтарда және жөндеу базаларында, жол машина станцияларында және АЖҚ арналған деполарда кешенді және мамандандырылған бригадалары жүйелі түрде тексеруін қамтамасыз ету.				
18	Тартқыш жылжымалы құрам, сондай-ақ жолаушылар вагондары, АЖҚ жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық түрде қарап тексерілуін жүргізу.				
19	Локомотивтік, сондай-ақ жолаушылар, моторвагонды және АЖҚ орнатылған қауіпсіздік және поездық радиобайланыс құрылғылары осы құрылғылардың жұмысын реттеу арқылы бақылау пунктінде кезең-кезеңмен қарап тексерілуін, сондай-ақ инфрақұрылымның және теміржол жылжымалы құрамның иеленушілері белгілеуін қ а м т а м а с ы з е т у .				
20	Жұмыс істеп тұрған локомотивтер, моторвагонды және АЖҚ, оларды пайдалану ережесін білетін қызметкердің, ал станциялық жолдарда - машинистің, АЖҚ жүргізушісінің немесе депо жолдарында және кәсіпорындардың жолдарындағы олардың көмекшілерінің қадағалауында тұруын қ а м т а м а с ы з е т у .				
21	Пайдаланылатын теміржол жылжымалы құрамының құрылғысына пайдалану сипаттамаларына әсерін тигізетін өзгерістер енгізуге, пайдалану құжаттамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру.				
22	Локомотивтер мен моторвагонды теміржол жылжымалы құрамды (өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамды) поездардың айналым бағыттары бойынша инфрақұрылымның поездық радиобайланыс жүйесімен үйлесетін (инфрақұрылымда пайдаланған жағдайда) поездық радиобайланыс құрылғыларымен, белгіленген көрсеткіштерді тіркейтін жылдамдық өлшегішпен, автоматты локомотивтік сигнализацияның локомотивтік құрылғылармен және қауіпсіздік құрылғылармен ж а б д ы қ т а у .				

23	<p>Жолаушылар локомотивтері жоғары вольтті жылыту үшін қуатты іріктеу, электрпневматикалық тежегіштерді басқару құрылғыларымен жарақтандыру. Жүк поездарының локомотивтері магистральды тежегіш тығыздығын бақылау үшін құрылғылармен, аспаптармен жабдықтау.</p>				
24	<p>Поездық локомотивтерге бір машинист қызмет көрсеткен кезде мынадай қауіпсіздік құралдарымен және құрылғыларымен қосымша жабдықтау:  1) поездың тежелуін автоматты басқару жүйесімен немесе кешенді локомотивтік қауіпсіздік құрылғысымен, сондай-ақ машинистің сергектігін бақылау жүйесімен;  2) артқы көрініс айналарымен немесе басқа ұксас құрылғылармен;  3) автоматты өрт сөндіру жүйесімен және өртсөндіргіш жүйесімен;  4) тежеу бұғаттамасымен;  5) автожүргізу жүйесімен.  Моторвагонды жылжымалы құрам есіктердің жабылуын бақылау сигнализациясымен және "жолаушы-машинист" байланысымен жабдықтау.</p>				
25	<p>Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтермен жабдықтау:  1) оларды вагондардан дистанциялық ағыту құрылғыларымен;  2) екінші басқару пультімен;  3) артқы көрініс айналарымен;  4) машинист кенеттен локомотив жүргізу қабілетінен айырылған кезде автоматты тоқтату құрылғыларымен.</p>				
26	<p>Белгіленген қызмет көрсету мерзімі өткен локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамдар жүк және жолаушы поездарға берілмеуіне тыйым салу.</p>				
	<p>Мынадай ақаулылықтардың ең болмаса біреуі болған жағдайда локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға шығаруға жол бермеу:  1) дыбыс сигналын беруге арналған аспаптың ақаулығы;  2) пневматикалық, электрпневматикалық, қол тежегіштердің немесе сығымдағыштың ақаулығы;  3) ең болмаса бір тартымдық электр қозғалтқышының ақаулығы немесе өшіп қалуы;  4) автоматты локомотивтік сигнализациясының немесе қауіпсіздік құрылғыларының ақаулығы;  5) автотоқтатудың немесе машинистің сергектігін тексеру құрылғыларының ақаулығы;  6) жылдамдық өлшегіштің және оның құрылғыларының реттеуші жетегінің ақаулығы;  7) поездық және маневрлік радиобайланыс құрылғыларының ақаулығы, ал моторвагонды жылжымалы құрамда - "жолаушы-машинист" байланысының ақаулығы;</p>				

27	<p>8) гидродемпферлердің, аккумуляторлық батареяның а қ а у л ы ғ ы ;</p> <p>9) автотіркегіш құрылғылардың ақаулығы, соның ішінде ағыту тұтқышы шынжырының үзілуі немесе оның д е ф о р м а ц и я с ы ;</p> <p>10) құм беру жүйесінің ақаулығы;</p> <p>11) прожектордың, буферлік шамның, жарықтандырудың, бақылау немесе өлшеу аспабының ақаулығы;</p> <p>12) қамыттағы, серіппелі іліністегі немесе серіппенің түпкі табағындағы жарық, серіппе табағының сынуы;</p> <p>13) букс корпусындағы жарық;</p> <p>14) букстық немесе моторлы-осьтік мойынтіректің а қ а у л ы ғ ы ;</p> <p>15) бөлшектердің жолға түсіп қалуынан сақтандыратын конструкцияда көзделген құрылғының болмауы немесе о н ы ң а қ а у л ы ғ ы ;</p> <p>16) тартқыш тісті берілістің ең болмағанда бір ғана тісінің жарығы немесе сызаты;</p> <p>17) жаққыш майдың ағып кетуіне әкелетін тісті беріліс қаптамасының жоғары вольтты камераның қорғағыш бұғаттауының ақаулығы; ток қабылдағыштың ақаулығы;</p> <p>18) өрт сөндіру құралдарының, автоматты өрт сөндіру сигнализациясының ақаулығы (локомотив конструкциясында көзделген);</p> <p>19) қысқа тұйықталу токтарынан, асқын жүктемеден және асқын кернеуден қорғау, дизельдің авариялық тоқтауынан сақтандыру құрылғыларының ақаулығы;</p> <p>20) дизельден тарсылдау, бөтен шуыл дыбыстарының п а й д а б о л у ы ;</p> <p>21) электр жабдығының қорғаныш қаптамаларының б о л м а у ы ;</p> <p>22) локомотивті басқарудың микропроцессорлық жүйесінің а қ а у л ы ғ ы .</p>				
28	<p>Локомотивтерде және моторвагонды жылжымалы құрамда орнатылған манометрлерге, сақтандырғыш клапандарға, сондай-ақ электр энергиясы мен отынның жұмсалудың тіркейтін аппараттар мен аспаптарға пломба салу.</p>				
29	<p>Электр сақтандырғыш құрылғылары, өрт сөндіру құралдары, өрт сигнализациясы және локомотивтердегі және моторвагонды жылжымалы құрамдағы автоматика, манометрлер, сақтандырғыш клапандар, ауа резервуарлары белгіленген мерзімдерде сынақтан және куәландырудан өткізілуін қамтамасыз ету.</p>				
	<p>Жылжымалы құрам, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам автоматты тежегіштермен, ал жолаушылар вагондары, моторвагонды жылжымалы құрам және жолаушылар поездарын жүргізуге арналған локомотивтер, бұдан басқа, электрпневматикалық тежегіштермен жабдықтау. Автоматты тежегіштер вагондардың тиелуіне, құрамның ұзындығына және жол</p>				

30	<p>профиліне байланысты тежеудің түрлі режимдерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету. Жылжымалы құрамның, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамның автоматты және электрпневматикалық тежегіштер, әр түрлі пайдаланған жағдайда басқару және жұмысына сенімді болуы, жатық тежеуді қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, сондай-ақ ауа құбыржолының магистралі ажыраған немесе үзілген кезде және тоқтату кранын (шұғыл тежеу кранын) ашқан кезде п о е з д ы т о қ т а т у .</p> <p>Жылжымалы құрамның, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамның автоматты және электрпневматикалық тежегіштері есептік деректер бойынша айқындалған тежеу жолынан артық болмайтын қашықтықта шұғыл тежеген кезде поездың тоқтауына кепілдік беретін тежегіштің басылуын қамтамасыз ету. Шаруашылық, қала маңындағы поездардың құрамына адамдарды тасымалдау үшін енгізілетін жүк вагондары тоқтату кранымен жабдықтау. Жолаушылар вагондарында және моторвагонды жылжымалы құрамда тоқтату крандары тамбурларда, вагондардың ішінде орнату және пломбылау.</p>				
31	<p>Локомотивтер, жолаушылар, жүк вагондары, моторвагонды және АЖҚ қол тежегіштерімен жабдықталу. Жүк вагондарының құрылымына сәйкес өту алаңының тоқтату краны және қол тежегіші бар болу. Теміржол жылжымалы құрамындағы қолмен тежегіштер жарамды жай-күйде ұсталуы және олардың есептік тежегіш қысымын қ а м т а м а с ы з е т у .</p>				
32	<p>Иінтіректік тежегіш берілістің ажырауы немесе омырылуы габариттен шығып кетуге немесе жолға түсіп қалуға алып келуі мүмкін барлық бөліктерінің сақтандырғыш құрылғыларының болуы.</p>				
33	<p>Жылжымалы құрам және АЖҚ теміржол жылжымалы құрам бірліктерінің өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеу құрылғысымен жабдықтау.</p>				
34	<p>Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үсті деңгейінің үстіндегі биіктігі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) локомотивтерде, жолаушылар және бос жүк вагондарында - 1080 миллиметрден артық болмайтын;</li> <li>2) локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында – кем дегенде 980 миллиметр;</li> <li>3) жүк вагондарында (жүк тиелген) - кем дегенде 950 м и л л и м е т р ;</li> <li>4) АЖҚ-та бос күйінде - 1080 миллиметрден артық болмайтын, тиелген күйінде – кем дегенде 980 миллиметр.</li> </ol>				
	<p>Автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасында биіктігі бойынша айырмашылық белгілеу:</p>				

35	<p>1) жүк поезында - 100 миллиметр;  2) локомотив пен жүк поезының жүк тиелген бірінші вагоны арасында - 110 миллиметр;  3) локомотив пен жолаушылар поезының бірінші вагоны арасында - 110 миллиметр;  4) сағатына 120 километр жылдамдықпен келе жатқан жолаушылар поезында - 70 миллиметр;  5) сондай сағатына 121-140 километр жылдамдықпен - 50 м и л л и м е т р ;  6) локомотив пен АЖҚ-тың жылжымалы бірліктері арасында – 100 миллиметрден артық болмайтын. Сағатына 161 километр және одан артық жылдамдықпен келе жатқан жолаушылар поезы вагондар арасындағы саңылаусыз автотіркегішпен жабдықтау.</p>				
36	<p>Әр доңғалақ жұбының осінде доңғалақ жұбының қалыптастырылу және толық куәландырылу уақыты мен жері туралы белгілер, сондай-ақ қалыптастыру кезінде оны қабылдау туралы таңбалардың болуы.  Доңғалақ жұптары жылжымалы құрам астында қарап тексерілу мен толық куәландырудан өтуі тиіс, сондай-ақ әрбір домалатып қою кезінде тиісті журналдарда немесе паспорттарда тіркелуін қамтамасыз ету.</p>				
37	<p>Жүктелмеген доңғалақ жұбы доңғалақтарының ішкі қырлары арасындағы қашықтық 1440 миллиметрдің болуы. Жылдамдығы сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейінгі поездарда айналатын локомотивтерде және вагондарда, сондай-ақ өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда ауытқулары ұлғаю жағына қарай 3 миллиметрден артық болмайтын және кему жағына қарай 1 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға рұқсат етіледі, жылдамдығы сағатына 120 километрге дейін болғанда 3 миллиметрден артық болмайтын ауытқуларға рұқсат ету.</p>				
	<p>Жылжымалы құрамды, сонымен қоса АЖҚ егер оның доңғалақ жұбы осінің кез келген бөлігінде немесе оның құрсауында, дискісінде және доңғалақ күпшегінде жарығы, доңғалақ жұбының жалында сүйірленген қажағы болса, сондай-ақ жол мен жылжымалы құрамның қалыпты өзара байланысын бұзатын доңғалақ жұбының келесі тозулары мен зақымданулары кезінде, пайдалануға беруге және поездармен жүруіне жол бермеу:  1) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километрден жоғары және сағатына 140 километрге дейін: локомотивтердің, моторвагонды жылжымалы құрамның, жолаушы вагондарының домалау шеңбері бойынша 5 миллиметрден артық сырғанау; жолдың биіктігі 30 миллиметр болғанда жотаның шыңынан 20 миллиметр қашықтықта өлшегенде локомотивтерде жотаның қалыңдығы 33 миллиметрден артық немесе 28 миллиметрден кем, ал моторвагонды жылжымалы құрамда,</p>				

38	<p>жолаушылар вагондарында жалдың биіктігі 28 миллиметр - жотаның шыңынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде;  2) қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 километр дейін: Жүріп өту шеңбері бойынша локомотивтерде, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамда және алыс сапардағы қатынастағы поездардың жолаушы вагондарында - 7 миллиметрден астам, моторвагондық және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда, жергілікті және қала маңы қатынасы поездарының жолаушы вагондарында - 8 миллиметрден астам, рефрижераторлық парк вагондарында және жүк вагондарында - 9 миллиметрден астам болғанда; жотаның биіктігі 30 миллиметр кезінде жотаның басынан 20 миллиметр қашықтықта өлшеген кезде локомотивтерде, ал жотаның биіктігі 28 мм жылжымалы құрамда - жотаның басынан 18 миллиметр қашықтықта өлшегенде жалдың қалыңдығы 33 миллиметрден астам немесе 25 миллиметрден кем болса;  3) арнайы шаблонмен өлшенетін жотаның тігінен қиылысуының биіктігі 18 миллиметрден астам болғанда;  4) локомотивтерде, моторвагонды және АЖҚ, сондай-ақ роликтік букс мойынтіректері және кассеталық үлгідегі мойынтіректері бар вагондарда тереңдігі 1 миллиметрден астам, ал тендерлерде 2 миллиметрден астам сырғанау сырғақ (ойық) бетінде болғанда.</p>				
39	<p>Техникалық және бағдарламалық құралдар жұмысқа қабілетті және белсенді күйде тұрақты ұсталуын, талап етілетін сенімділік пен нақтылықты қамтамасыз ету.</p>				
40	<p>Жаңа қызмет ету мерзімі КЖ орындалғаннан кейін де, күшейтілген көлемдегі ТҚК-8, ТҚ-8, жаңғыртудан, жол машиналарымен және механизмдерімен жұмыс істеу үшін қайта жабдықтаудан, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауға қатыспайтын жылжымалы құрамды қайта жабдықтаудан кейін де белгілеу.  Жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін КЖ, ТҚК-8, ТҚ-8 немесе жаңғыртудан өткен тартқыш жылжымалы құрамға белгіленген жаңа қызмет мерзімінің нормативтеріне сәйкес ТЖҚ жаңа белгіленген қызмет ету мерзімін қабылдау.</p>				
41	<p>Жылжымалы құрамның жүру жолында теміржол жылжымалы құрамының кернеулі және электр тогымен зақымдалу көзі болуы мүмкін электр жабдығының қорғалмаған (оқшауланбаған) бөліктеріне қызмет көрсету персоналы мен жолаушылардың қол жеткізуінің алдын алу.</p>				
42	<p>Электр поездарының мотор-вагондарының төбелеріне көтерілуге арналған сатылар жабық жағдайда жабық болулары және машинист бақылаушысының резерв тұтқасының көмегімен ашуын қамтамасыз ету.</p>				
	<p>Теміржол жылжымалы құрамы дизельінің, электр машиналарының, желдеткіштерінің, сығымдағыштарының</p>				

43	және басқа да жабдығының айналатын бөліктері сенімді түрде қоршалуын қамтамасыз ету.				
44	Капот типтес шанақты локомотивтерде қаптал және бүйір алаңшаларының болуы. Қаптал және бүйір алаңшаларының сыртқы жағында аралық қоршауы бар тосқауыл тұтқалары орнату. Алаңшалар бойының сыртқы периметрі бойынша шектеу тақтайшалары орнату.				
45	Қауіптілігі жоғары аймақтарда жол бермеу: ілме басқыштар мен өту алаңдарында және теміржол көлігінің баспалдақтары мен басқа да сыртқы бөліктерінде тұруға, жүріп келе жатқан поезд вагондарының есіктерін ашуға, қала маңына қатынайтын поездардың автоматтық есіктерінің ашылып-жабылуына бөгет жасауға.				
Темір жол вокзалдарына қатысты					
1	Теміржол вокзалында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыттары, жолаушылардың жол жүру және бағажды, жүк-бағажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны туралы, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету. Ақпаратты беру тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін де қамтамасыз ету.				
2	Халыққа қызмет көрсетуге арналған вокзал құрылыстары жарамды техникалық жай-күйде ұстау.				
3	Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) берілуін қамтамасыз ету.				
4	Теміржол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесіне және оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кадрларды жасақтау мен орналастыруды сақтау.				
	Денсаулық сақтау саласындағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 155-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген денсаулық				



5	сақтау саласына сәйкес қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді, сондай-ақ локомотив бригадаларын және поездар қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлердің денсаулығын ауысым алдындағы куәландыруды жүргізу.				
6	Жаңа техниканың, технологиялардың және менеджмент құралдарының енгізілуін ескере отырып, теміржол көлігінің негізгі кәсіптерінің қызметкерлерін кәсіби дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдардың іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіру.				
7	Поездар қозғалысымен байланысты қызметкерлердің қозғалыс қауіпсіздігі мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы нұсқаулықтар мен қағидаларды білу мәтінін мерзімді тексерулер жүргізу.				
8	"Қозғалыс қауіпсіздігі күні" тақырыбы бойынша онкүндік сайынғы тексерулер жүргізу.				
9	Жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған үй-жайлар, операцияларды тез орындау үшін қолайлы қолжетімді болуы. Жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайларды басқа мақсаттар үшін қолдануға жол бермеу.				
10	Жолаушылар және жүк поездарының қозғалысы аралас желілерде орналасқан жолаушылар және жүк платформалары түзу учаскелерде биіктігі және жол осінен қашықтығы бойынша мына нормаларға сәйкес болуын қ а м т а м а с ы з е т у : 1) 1100 миллиметр – рельстер қалпақшаларының үстіңгі деңгейінен биік платформалар үшін; 2) 200 миллиметр - рельстер қалпақшаларының үстіңгі деңгейінен төмен платформалар үшін; 3) 1920 миллиметр – жол осінен биік платформалар үшін; 4) 1745 миллиметр - жол осінен төмен платформалар үшін. Пайдалану процесінде осы тармақта көрсетілген нормалардың мынадай шекте өзгеруіне рұқсат ету: биіктігі бойынша ұлғаю жағына қарай 20 миллиметрге дейін және азаю жағына қарай 50 миллиметрге дейін; жол осінен қашықтық бойынша ұлғаюы жағына қарай 30 миллиметрге дейін және азаю жағына қарай 25 миллиметрге дейін.				
	Уәкілетті адам (вокзал қызметкері) жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін келесі жағдайларда ұзарту (жол жүру құжатына мерзімін ұзарту туралы белгі қою а р қ ы л ы ) : 1) жолаушыға орын ұсынылатын келесі поездың аттануына дейінгі уақытқа поездан жолаушыға орын берілмегенде (отыруға арналған орындары бар вагондардан жасақталған				

11	<p>поездардан басқа);</p> <p>2) ауысып отыру пунктінде транзитпен келе жатқан жолаушы оған жол жүруді ұзарту мүмкіндігі берілгенге дейін барлық кешігу уақытына келісілген поездар кешіккен жағдайда;</p> <p>3) жолаушы жолда аялдағанда барлығы 10 тәуліктен аспайтын мерзімге.</p> <p>Жол жүру құжатының (билеттің) әрекет ету мерзімін ұзартуға басқа жағдайларда жол берілмейді.</p>				
12	<p>Теміржол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған үй-жайлар, санитарлық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектер мен халықтың аз қозғалатын топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуы.</p>				
13	<p>Жолаушылар платформалары мен перрондарға өту және шығу мүгедектер мен халықтың аз қозғалатын топтарына қолжетімді болуын қамтамасыз ету (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдыкталуға).</p>				
14	<p>Мүгедектердің теміржол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі үшін теміржол вокзалдарында және теміржол станцияларында қамтамасыз ету:</p> <p>1) арнайы жол белгілері орнатыла отырып, мүгедектердің автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың бөлінуін;</p> <p>2) ғимараттардың, ғимараттарға кіреберіс жолдардың (ғимаратқа кірер жолдардың, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуын;</p> <p>3) көру және (немесе) есту қабілеттері бұзылған мүгедектер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдыкталуын;</p> <p>4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектерге және халықтың аз қозғалатын басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектерге арналған кезекші кресло-арбаның болуын;</p> <p>5) қоғамдық дәретханалардың мүгедектердің кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдыкталуын;</p> <p>6) мүгедектердің кресло-арбаларымен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы таксофондардың орнатылуын.</p>				
15	<p>Кластан тыс және 1-ші кластағы теміржол вокзалдарында қосымша қол жүгін сақтау камерасы, транзиттік жолаушылардың ұзақ демалатын бөлмелері, тамақтану орындары, шаштараз, дүкендер, сауда дүңгіршіктері, пошта бөлімі, ақша айырбастау орны, дәріхана, банкомат, төлем</p>				

	терминалдары, интернет (WI-FI) болуын қамтамасыз ету.				
16	Барлық қызмет көрсету орындары тәулік бойы жұмыс істеуге және мүгедектер мен халықтың аз қозғалатын топтарына оңай қолжетімді болуын қамтамасыз ету.				
17	Күту залдары перронға шығатын кіреберіске жақын орналасуын қамтамасыз ету.				
18	Теміржол вокзалдарында медициналық пункттердің болуын медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу арқылы вокзал иелерімен қамтамасыз ету.				
19	Тасымалдау процесімен байланысты анықтамалық-ақпараттық қызметтер тұрғындарға тегін көрсету, атап айтқанда: 1) ақпараттық стендтер, табло арқылы көзбен шолу ақпараты арқылы: жолаушылар және қала маңы поездарының келуі және жүруі туралы ақпарат; жолаушылар және қала маңы поездарының жүру кестесі; жолаушылар және қала маңы тасымалын орындайтын тасымалдаушылар туралы мәліметтер; теміржол вокзалындағы жолаушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат. 2) ақпараттық қызмет бойынша ауызша және (немесе) радиотрансляциялық ақпарат арқылы: жолаушылар және қала маңы поезының нақты келу, жүру және (немесе) бөгелу уақыты; жолаушылар және қала маңы поезының берілетін және жүретін жолы туралы. Ақпаратты ұсыну тілдерді, мәтіндерді, Брайл қарпін, түйсіну қатынасын, ірі шрифтті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы мүгедектер мен халықтың аз қозғалатын топтары үшін де қамтамасыз етіледі.				
20	Тасымалдау процесімен және жолаушыларға қызмет көрсетуге байланысты қызметтерді вокзал қызметкерлері тұрғындарға тегін көрсету: 1) перронда жолаушыларды поезд вагондарына қауіпсіз отырғызуды/түсіруді ұйымдастыру; 2) жолаушылар және қала маңы поездарының кешігуі туралы актілерді жасау; 3) мүгедектер мен халықтың аз қозғалатын топтарын жолаушылар (қала маңы) поездарына отырғызу/шығаруға сүйемелдеу.				
	Теміржол вокзалдарында қамтамасыз ету: 1) күту залдарында поездың келуін күту; 2) жолаушыларға қызмет көрсетумен және тасымалдаумен				

21	<p>байланысты қызметтер көрсету үшін үй-жайлар ұсынуға р ұ қ с а т берілуін ;</p> <p>3) вокзал ғимаратына, перрондарға кіретін/шығатын өтпелерді, отырғызу платформаларын, жаяу жүргінші көпірлерін, төсеніштерді, тоннельдерді қол жүгімен, багажбен, өзгеде заттармен бөгеуге жол берілмеуін;</p> <p>4) вокзал аумағында кәмететке толмаған адамдардың ересектердің қарауынсыз болуына жол берілмеуін;</p> <p>5) жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайларды оларға қызмет етумен байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмеуін;</p> <p>6) медициналық пункттер бірінші қабатта орналастырылады және перрондарға, вокзал маңындағы алаңдарға және жолаушылардың күту залдарына еркін кіруге болады. Есік пен өтпелердің орналасуы, ені медициналық зембілмен қозғалу мүмкіндігін;</p> <p>7) вокзал ғимаратына кіру/шығу және вокзал аумағында жолаушылардың (тұрғындардың) еркін қозғалуына вокзал перрондарында павильондар мен дүңгіршектерді жолдан кемінде 2,5 метр кедергі келтірмейтін орындарда о р н а л а с у ы н ;</p> <p>8) жолаушыларға арналған, жолаушылар платформалар мен құрылыстарға қараңғы уақыт тәулігінде жарық т ү с і р у і н .</p>				
22	<p>Теміржол вокзалының иесімен жолаушыларға жалпы пайдаланылатын үй-жайларға (ақылы қызметтер көрсетуге арналған үй-жайлардан басқа, фойеге, күту залдарына, касса залына, жерасты өтпелеріне, жолаушылар платформаларына (перрондарға), қоғамдық дәретханаларға және т.б.) ақысыз кіруді қамтамасыз ету</p>				
23	<p>Вокзалда және жолаушылар поездарында жолаушыларға көрсетілетін жедел медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, міндетті қызмет тізбесін сақтау.</p>				
<p><b>Вагондар (контейнерлер) операторына қатысты</b></p>					
1	<p>Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркеуінің болуы.</p>				
2	<p>Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден өтуін қамтамасыз ету.</p>				
3	<p>Теміржол жылжымалы құрамдарының белгіленген қызмет мерзімдерін сақтау.</p>				
	<p>Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде мынадай анық айыру белгілері мен жазбаларының болуы:</p> <p>1) теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауы;</p> <p>2) нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген дайындаушы</p>				

4	зауыттың тақтайшасы; 3) құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен кабылдау таңбалары; 4) белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жері (локомотивтерден басқа); 5) ыдыстың салмағы (локомотивтерден басқа). Мынадай жазбалардың жазылуы: 6) локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және АЖҚ - конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы тақтайшалар мен жазбалар; 7) жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда – орындар саны; 8) жүк, почта, багаж вагондарында - жүк көтергіштігі.				
5	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортын жүргізу.				

Лауазымдық тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайы)

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайы)

Тексерілетін субъектінің жетекшісі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. болған жағдайы) (лауазымы) (қолы)